

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ КОМИТЕТІ

**ЖЕР-СУ
АТАУЛАРЫНЫҢ
АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**

Алматы
2009

УДК 811.512.122

ББК 81.2 Қаз

Ж 50

Сөздік Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында шығарылып отыр

Жалпы редакциясын басқарған
проф. Телғожа ЖАНҰЗАҚ,
филология ғылымдарының докторы

Бейімдеген және жауапты шығарушы
филология ғылымдарының кандидаты
Ғарифолла ӘНЕС

Пікір жазғандар:

Ж. Манкеева, филология ғылымдарының докторы, проф.
Е. Керімбаев, филология ғылымдарының докторы, проф.

Ж50 Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.- 568 бет.

ISBN 9965-1-649-3

Жер-су атаулары – мәдени-тарихи мұра, ұлттық құндылық. Бұл атаулар өн бойына ел тарихының, халықтық болмысы мен дүниетанымының, табиғат құбылыстары мен кәсібінің, салт-санасы мен әдет-ғұрпының қат-қабат сырын сақтаған.

Еліміздің халықаралық ықпалдастығы рөлінің артуы, мемлекеттік тіліміздің жаңа сапалық деңгейі әдеби тілдегі барша лексикалық бірліктердің нормаланып, бірізді, жеке-дара нұсқада қолданылуын қатаң талап етіп отыр. Сол себепті жиі қолданылатын жер-су атаулары қазақша, орысша және ағылшынша бір нұсқада жазылып, қалыпқа (стандартқа) түсуі шарт. Қолдарыңыздағы еңбек – осындай биік мақсатқа қол жеткізу жолындағы алғашқы тәжірибе, талпыныс.

Кітап жер-су аттары жиі кездесетін құжаттармен күнделікті жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелерге (ІІМ, СІМ, АХАТ органдары, төлқұжат орындары, картографиялық орталықтар және т.б.), мемлекеттік қызметкерлерге, БАҚ пен білім-ғылым саласындағы мамандарға, сондай-ақ барша жұртшылықтың пайдалануына арналған.

УДК
811.512.122
ББК 81.2 Қаз

ISBN 9965-1-649-3

© Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Тіл комитеті, 2009
© «Арыс» баспасы, 2009

АЛҒЫ СӨЗ

Кез келген тілдегі жер-су атаулары – халықтың ерте заманнан бастап мыңдаған жылдар аралығындағы ұжымдық шығармашылығының жемісі. Этнологиялық кеңістікте қалыптасқан халықтық атаулар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, оның ұлттық дүниетанымының, рухани болмысының, құндылықтар жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі, тарихи жәдігері, мәдени мұрасы болып табылады. Жер-су атаулары – адамзат пен оны қоршаған топографиялық ортаны тікелей байланыстырып отыратын, сол арқылы этностың тілдік, территориялық, этникалық сәйкестігін айқындайтын маңызды тілдік мәдени фактор. Осы ретте Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобы қандай да ұлттың тіліндегі жер-су атауларына байыппен, аса құрметпен қарауға үндейді.

Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастық тарапынан Орталық Азия аймағындағы алдыңғы қатарлы көшбасшы ретінде мойындалып отыр. Қазіргі таңда әлемде қалыптасып отырған күрделі геосаяси жағдайда, жаппай жаһандану үрдісі қоғамдық өмірдің барлық дерлік салаларына дендеп енген кезде халқымыз өзінің ұлттық ерекшелігін жоғалтпай, өзгеге өзін мойындатуда ұлт мәдениетін, тілін, тарихын, рухани құндылықтар жүйесін, адами, этикалық мұраттарын жүйелеудің, түгендеудің, зерделеудің орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, халқымыздың жер-су атаулар жүйесі ұлттық бірегейліктің, сол атаулар өрнектеген төл этникалық-аумақтық бірегейліктің бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Бұған данышпан жазушымыз Мұхтар Әуезовтің: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - деген сөзі толық дәлел.

Мамандардың болжамына қарағанда, республикадағы жер-су аттарының саны орта есеппен 1 ш.м. жер бір атауға ие деп есептегенде, кемінде 2,5 миллионға жуық көрінеді. Республикамызда мыңдаған ірілі-ұсақты елді мекен атауларымен қатар 50 мыңнан астам көл, 85 мыңнан аса өзен атаулары бар екен.

Жер-су (географиялық) атауларының қоғамдағы ең басты қызметі – оның мекенжайлық, геоақпараттық қызметі. Яғни

географиялық атаулар кез келген топографиялық кеңістіктегі географиялық нысандар жөнінде нақты бағдар беру, ол туралы геологиялық (нысананың Жер бетінде орналасу координаталары, көлемі; өзен болса – ұзындығы, тереңдігі, алабы; тау болса – биіктігі, нақты елді мекеннен жақындығы- алыстығы және т.б.) деректермен ел ішіндегі мүдделі ведомстволар мен сырттағы халықаралық ұйымдарды (мысалы, әуе жолы, теміржол қатынастары, халықаралық тасымалдау саласы, т.б.) қамтамасыз ету болып табылады.

БҰҰ жанындағы Географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобының конференцияларында мемлекеттік деңгейде бекітіліп, ұлттық негізде мойындалған географиялық атаулар кең халықаралық қолданысқа бірден-бір негіз болмақ екендігі күн тәртібінен түспей, үнемі ескеріліп келеді.

Еліміз халықаралық қауымдастық субъектісі ретінде мойындалып, көптеген елдермен, халықаралық ұйымдармен тығыз саяси, іскерлік, мәдени т.б. байланыс орнатып отыр. Қазақстан жер-су атауларының (топонимдердің) халықаралық келісімшарт, ресми құжаттарда, шетелдік БАҚ, ғаламторда қолданылу барысы күн өткен сайын өріс алып келеді. Сондықтан қоғамдық басқару мен коммуникацияны орнатуды ең тиімді түрде дәл қамтамасыз ету үшін ұлттық (мемлекеттік) деңгейде стандартталған географиялық атауларды қолдану қажет.

Бүгінгі таңда әлемдегі коммуникативтік-ақпараттық кеңістіктің күн өткен сайын күрделене түсуі, қатынас құралдарының, заманауи ІТ технологиялардың, Интернет-ғаламтордың қоғам өмірінің барлық саласына еніп, қарқындап дамуымен тығыз байланысты.

Қазіргі кезеңде әлемнің барлық елдерінде қолданылатын географиялық атаулар ауқымды он-лайндық ақпараттық жүйелерде қолданыс тауып отыр. Сондықтан әр елдің жер-су атаулары дұрыс таңбаланып, нормаға түсіріліп, үнемі тіркеліп және бекітіліп отыруы керек. Бүгінгі таңда экономикасының барлық дерлік саласы сандық технологияға негізделіп отырған елдер үшін стандартталған географиялық атауларды жинақтап, жүйелеу, олардың деректік қорын жасау ісі аса маңызды мәселе. Мұндай деректік қор үнемі толықтырылып, жаңғыртылып отыратын ашық жүйе ретінде әзірленуі тиіс. Елімізде күні бүгінге дейін жер-су атауларының қазақша-орысша-ағылшынша стандартталған деректер қорын жасау ісі қолға алынған жоқ. Бұл орайда күн сайын өмірімізге дендеп, қарқынды еніп

келе жатқан ағылшын тілді (латын қаріпті) ономастикалық бірліктердің таңбалануы мен таратылуындағы жүйесіздік көзге ұрып тұр.

Кеңістік пен уақыт, тілдік, мәдени, әлеуметтік шекаралар мен «кедергілер» өшіріліп, әлемдік ақпараттық кеңістік қауымдасып, бірегейленген «трансұлттық» кеңістік орнатуға ұмтылыс жасауда. Мұндай ұлттық стандарттау, атауларды нормалау (бірдейлестіру) бағдарламалары халықаралық қатынастан бастап, мемлекеттік басқару, жоспарлау саласының, қорғаныс, мемлекеттік қауіпсіздік, өнеркәсіп, сауда, білім беру және т.б. көптеген салалар жұмысын жылдамдатып, уақыт пен қаржыны үнемдейді. Бұл жұмыс нәтижелі болу үшін, ең алдымен, республика аумағындағы барлық топонимдерді (жер-су аттарын) қамтитын *орталықтандырылған деректер қорын* жасау аса маңызды. Осы мақсатқа орай еліміздің топонимдік кеңістігіндегі атауларды жинақтап, жүйелеу, ғылыми, ақпараттық сараптан өткізу жұмыстарын жүргізу қажет болып отыр. Бұл іс-шараларды мемлекеттік басқару мен халық игілігіне жарату ісін қазіргі әлемдегі геосаяси жағдай, республикамыздың ішкі қажеттіліктері, жалпы замана талабы стратегиялық маңызы бар іс-шаралар қатарына қойып отыр.

Атаулардың ұлттық негізде стандартталған нұсқасы – бір жағынан, халықаралық түрлі ресми құжаттар мен басты көздерде қолданысқа енгізуге негіз болса, екінші жағынан, мемлекетішілік айналымдағы атаулардың бірдейлестірілуіне, түрлі анықтағыш, карта өнімдерін құрастыруға, ұлттық қауіпсіздік ісінде, санақ жүргізуге, тасымалдау, білім беру және көптеген т.б. салалар үшін аса қажет шара. Осы істерді оңтайландыру үшін ең алдымен Қазақстан аумағындағы барша жер-су атауларын жинақтап жүйелейтін түрлі сипаттағы каталог, анықтағыш, сөздік, газетирлер (тезаурустік реестрлер) құрастыру аса қажет.

Кеңістік кезеңде Одақ республикаларындағы ономастикалық жұмыстар, әдетте, бір орталықтан – Мәскеуден үйлестіріліп, бекітілетін. Осыған орай топонимия саласында да Мәскеудегі ЦНИИГАК (Центральный научно-исследовательский институт геодезии, аэрофотосъемки и картографии) ғылыми орталығы барша кеңестік республикаларының географиялық аттарын реттестіріп отыратын нұсқаулықтар әзірлеп, жарыққа шығарып отыратын. Мәселен, 1959 және 1971 жылдары жарық көрген «Институт по

русской передаче географических названий Казахской ССР» нұсқаулықтарында Қазақстандағы топонимдердің (географиялық атаулардың) тек орыс тілінде жазылуы ғана қарастырылып, заңдастырылған. Ал төл жер-су атауларымыздың қазақ тілі орфографиясына сай қазақ тілінде жазылу мәселесі, әрине, ол кездерде тіптен күн тәртібіне де қойылмаған болатын.

Ұлттық топонимдік кеңістіктегі осындай олқылықтар мен бұрмалауларды түзету мақсатында осы шаралардың бастамасы ретінде 2001 жылы проф. Т. Жанұзақтың басшылығымен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары дайындаған «Қазақстан Республикасының топонимдері» атты анықтама-кітапта республикамыздың 8 мыңнан аса елді мекендері мен физикалық-географиялық нысандар атаулары қамтылып, олардың мемлекеттік тіл – қазақ тілінде және ресми тіл – орыс тіліндегі жазылу нұсқалары берілді.

Республикамыздың әкімшілік-аумақтық бөлінісіндегі елді мекендер мен ірі физикалық-географиялық нысандар атаулары әлем тілдерінің көбінде қарым-қатынасқа түсіп, халықаралық дәрежеде қызмет атқарып отырғаны баршаға аян. Осы ретте республика топонимдерін (жер-су атауларын) халықаралық тұрғыда стандарттау ұлттық стандарттаумен тығыз байланысты келеді. Аталмыш еңбектегі қазақ топонимдерінің орысша берілуі (транслитерациясы), дұрыс жазылуы Қазақстан Ғылым академиясы Тіл білімі институты тарапынан 1971 жылы жарыққа шыққан «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» атты еңбекке сүйенілген болатын. Бұл Инструкция 2003 жылға дейін бірден-бір негізгі тірек құрал ретінде пайдаланылып келді. Алайда оның кейбір ережелері мен параграфтары әсіресе *ә, о, ө, ж, ү, ұ, ы, і, қ, ң, з, һ* сияқты қазақ әріптерінің орыс әріптерімен таңбалануында және басқа да мәселелерінде талас тудырар, даулы тұстар аз емес еді. Жоғарыда аталған Инструкцияның барысына және Мемлекеттік ономастикалық комиссияның тұжырымынан соң қабылданған Президент жарлықтары мен Үкімет қаулыларына қарамастан, кейбір елді мекендер мен ірі географиялық нысандардың атаулары орысша бұрмаланып жазылып жүрді. Сондай-ақ орыс тілінде бұрыннан бұрмаланып, қате жазылып келе жатқан атаулар да көптеп кездесетін. Мысалы: *Ачисай* (дұрысы Ащысай болу керек), *Иргиз* (дұрысы Ырғыз), *Иртыш* (Ертис), *Уил* (Ойыл), *Караганда* (Қарағанды), *Сарань* (Соран), *Жейрам* (Жайран),

Бухтырма (Буктырма), *Джангала* (Жанакала), *Чингирлау* (Шынгырлау), *Чар* (Шар), *Тюлькубас* (Тулкибас), *Бугунь* (Богень), *Чили* (Шиели), *Щербакты* (Шарбакты), *Бетпак-Дала* (Бетпакдала), *Сырдарья* (Сырдария), *Алма-Ата* (Алматы), *Курчум* (Куршим), *Жетысай* (Жетисай), *Жетысу* (Жетису) т.б.

Сондықтан бұл Инструкция бастан-аяқ қайтадан қарастырылып, жаңа баптар енгізіліп, қазақ атауларының қазақ тілі орфографиясының жаңа ережесіне сай, орыс атауларының қазақ тілінде берілу ерекшеліктеріне және Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасы бірліктерінің атауларын реттеу туралы» Жарлығын басшылыққа ала отырып, Қазақстан топонимдік кеңестігіндегі жер-су атаулардың жазылуындағы өрескел бұрмалаудан арылу мақсатында қазақ тіліндегі географиялық атауларды ұлттық орфографияға сай рәсімдеу жұмысы жасалынды. Қазақстан тәуелсіздікке ие болғаннан кейін 2002 жылы ҚР БЖҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен География институты және Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігінің «Ұлттық картографиялық қоры» мамандары бірлесе отырып, «Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан» атты нұсқаулықты әзірледі (Оның мәтіні осы кітапқа толықтай беріліп отыр).

Біз қолға алып отырған Жаңа анықтамалықтың басты ерекшелігі – ең алдымен, республиканың әкімшілік-аумақтық бөлініс бірліктері, облыс және аудан орталықтары, ірі қалалар мен кенттер, ауыл, ауылдық округ атаулары қамтылып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, яғни үш тілде алғаш рет беріліп отырғандығында. Екіншіден, елді мекен, әкімшілік-аумақтық бөлініс атауларымен қатар физика-географиялық нысан атаулары (өзен, көл, тау,) әліпбилік ретпен алғаш рет осы анықтамалықта облыс-облыс бойынша жүйеленіп топтастырылды.

Ұлттық жер-су елді мекен атауларын латын графикасымен таңбалау негізгі әлемдік және Еуропа тілдерінде түсінікті әрі ортақ болуы тиіс. Қазіргі кезде бүкіл республика жолдары бойындағы елді мекен, өзен т.б. атаулары қай нұсқадағы, стандарттағы латын әліпбиіне негізделгені және олардың қандай да бір нұсқаулыққа сүйенгені бізге белгісіз. Оларға сараптама жұмысын жүргізу, біртіндеп реттеп, қалыпқа келтіру қажет-ақ. Себебі латынша

транслитерацияланған төл атауларымызды ретранслитерациялағанда түпнегіз атаудан айырмасы болмай, дұрыс таңбалануы қажет, мысалы: Берген есімі Bergen, ретранслитерация барысында Берген // Бержен // Берджен болып оқылуы мүмкін. Сол себепті де осы анықтамалықта келтірілген ағылшын және латын әліпбиіндегі нұсқалар тек ұсыныс ретінде ғана қабылданғаны абзал. Қазақ топонимдерінің ағылшынша не латын әліпбиімен таңбалануының таяу болашақта белгілі бір жүйесі қабылданып, арнаулы нұсқаулықтар да түзілері сөзсіз. Сондықтан да қолдарыңыздағы анықтамалықта республиканың географиялық атауларын латын әліпбиі негізінде және ағылшын тіліндегі транслитерациясы арқылы беріп отырмыз.

Ұсынылып отырған кітаптағы жер-су атаулары жоғарыда аталған 2002 жылғы инструкциясы ережелеріне сай әзірленді және оның деректік қорының толықтыру көзі ретінде негізінен «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы» материалдары пайдаланылып отыр. 2000 жылдардан бастап Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігіне қарасты «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» «Қазақстан республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогын» түзу ісін қолға алып, күні бүгінге дейін барлық облыстар бойынша жер-су атаулары кітапша болып шықты. каталогтың деректік негізі ретінде масштабы 1:100 000-дық қолданыстағы мемлекеттік топографиялық картада берілген атаулар қабылданған. Қазақ тілінде және орыс тілінде жасалынған бұл мемлекеттік каталог бүгінгі таңда еліміздегі жер-су атауларын барынша толық қамтыған бірден-бір дереккөз, база-қор болып отыр. (Осы орайда жер-су аттарын стандарттау ісі ондаған жылдарды қамтитын шаруа, тіптен өмір бойы тоқтаусыз жүргізіле беретін іс-шара екенін айта кеткеніміз жөн. Бұл іспен ғасырлар бойы айналысып келе жатқан Еуропа мен Америка құрлығындағы мемлекеттерде түрлі-түрлі сөздіктер, каталогтар, бюллетеньдер үнемі толықтырылып, жаңартылып, жиі-жиі шығарылып отырады).

Ұсынылып отырған анықтамалық Қазақстандағы барша географиялық нысан атауларын нормативтік актілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, анықтағыш сипаттағы басылымдарда, оқу құралдарында, картографиялық өнімдерде және көптеген ресми көздерде біркелкі және дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуге көмегін тигізері сөзсіз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық стандартау ісі бойынша 1977 жылы өткізген 2-ші Конференциясы жан-жақты толық ұлттық газетирлердің жариялануы кейбір елдерде мүмкін бола бермейтіндігін мойындап отыр. Алайда БҰҰ Конференциясы халықаралық қауымдастық мемлекеттердің ресми географиялық атауларының негізгі базалық тізбегіне деген қажеттілігін ескере отырып, стандартталған атаулардың аралық тізімін жариялап тұрды ұсынды. Сонымен қатар БҰҰ жанындағы Географиялық атауларын стандарттау жөніндегі 4-ші Конференциясы латын қарпімен таңбаланбайтын (романданған жүйеге сәйкестірілген) елдерге ресми атаулары мен негізгі әкімшілік-территориялық бөлініс атауларының мүмкіндігінше қысқартылған ең жаңа тізімдерін ұзақ мерзімге созбай, жиірек жариялау ісін қолдауға кеңес береді.

Қуатты республикамыздың бүгінде халықаралық аренаға шығып танылуы, қоғам өмірінің алуан салаларында жүргізіліп жатқан ықпалдастықпен байланысты еліміздің жер-су атауларын (топонимдерін) стандарттау, бір қалыпқа, нормаға түсіру өте көкейкесті де өзекті мәселенің бірінен саналады. Өйткені ел, жер-су, елді мекен және ірі физикалық-географиялық нысандар (объектілер) атаулары көптеген әлем елдерінде белсенді түрде қолданып, қарым-қатынас аясында қызмет етуде.

1990-2009 жылдар аралығында Мемлекеттік ономастика комиссиясы тарапынан жүздеген тарихи атаулар қалпына келтіріліп, жұмысшы кенттері мен ауыл, село, теміржол стансыларының (бекеттерінің) атаулары өзгертіліп, кейбір объектілер жаңадан аталып, транскрипциялары түзетілді. Және мұндай өзгертулер алдағы уақытта да заман талабына сай бола беретін заңды құбылыс.

Сондықтан, ең алдымен, мемлекеттің ішкі қажеттіліктерін өтеуге бағышталып, халықаралық стандарт талаптарын қалыптастыру мақсатында сай қолға алынып отырған бұл еңбек міндетті түрде өз жалғасын тауып, алдағы уақытта толықтырылып, өңделіп, жарыққа шығарылып тұратын болады. Сондықтан біз әрбір пікір, ұсыныс ниетті қабылдауға әзірміз.

Ресми орындар мен ведомство басшылары және көпшілік оқырман қауым назарына! Құрметті қауым, қолдарыңыздағы «Жер-су атауларының анықтамалығы» атты кітап алғаш рет мұндай үлкен көлемде жасалып отырған ауқымды еңбек. Оның келешек басылымдары бұдан да сапалы, толық болып шығуы үшін ақыл-кеңес,

сын-ескертпелеріңізді мына мекен-жайға жіберуге болады: 050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29-үй, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Тел: 272-69-61

Анықтамалықтың авторлары мен құрастырушылары: ф.ғ.д., проф. **Т. Жанұзақ**, ф.ғ.д., проф. **Г. Мәдиева**, ф.ғ.к. **Қ. Рысберген**, ф.ғ.к. **Ғ. Әнес** (сөзтізбе), ағылшын тілінің мамандары **Ү. Әнесова** мен **Д. Мәдиева**.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Географические названия – это особые слова, которые являются своеобразными культурно-историческими знаками, отражающими наиболее значимые для данного народа понятия.

Географические названия – названия объектов географического рельефа, водных источников, лесных массивов, пустынь, дорог и т.п. – определяются моделью мира, существующей в представлении народа, дающего эти имена. Топонимия (совокупность географических названий) конкретной территории складывается исторически: в ней сохраняются названия предыдущих эпох, возникают новые названия, поэтому топонимию сравнивают со «слоеным пирогом», каждый пласт которого относится к определенной исторической эпохе, исторической народности, существовавшей на данной территории. На характер и состав географических названий оказывают влияние различные факторы: географические, идеологические, исторические, мировоззренческие, социальные, культурные, а также языковые контакты. Поэтому основной фонд национальной топонимии в большинстве случаев составляют названия родного языка, значительное место занимают в ней заимствованные и искусственные имена (топонимы).

Важность географических названий заключается не только в том, что они называют географические объекты, указывают на него, помогают ориентироваться в окружающем мире, но и в том, что они отражают действительность в зависимости от мировидения и мировосприятия народа, который дает эти имена, т.е. содержат ценную информацию, обусловленную ориентациями человека, и являются национально-маркированными языковыми знаками.

Географические названия способны характеризовать объект, выделять его основные признаки (природные, функциональные, системные), идентифицировать и дифференцировать его среди себе подобных. Кроме того, необходимо учитывать особенности национального сознания, которое способно вычленивть существенную информацию в соответствии с национальной культурой. Поэтому, безусловно, правильная передача названий как на родном, так и на иностранном языках является значимой в целях сохранения той информации, которая вложена в то или иное географическое имя.

Через названия человек выражает свое понимание окружающей среды, в названия он вкладывает то, что накоплено им в течение многих веков. Географические названия являются историческими свидетелями происходящих в том или ином социуме, в той или иной местности событий.

Географические названия подвержены различного рода изменениям. В связи с этим возникает необходимость постоянного их обновления в различного рода словарях и справочниках.

Современный Казахстан характеризуется инновациями социального, психологического, исторического характера: изменились геополитическая и языковая ситуация в Казахстане, изменилось сознание человека, в свою очередь, меняется его отношение к тому, что именовать и как именовать. Это предопределило возникновение новой концепции географических имен, обусловленной, прежде всего, идеей национального Ренессанса (возрождения), проявлением пассионарности в топонимии, наполнением ее этническим содержанием, сохранением принципов толерантности в языковой ситуации Казахстана (сохранение и создание названий на языках разных национальностей Казахстана).

Новый период в развитии казахстанской топонимии характеризуется массовыми переименованиями, появлением на географической карте новых названий нового государства, рождение которого начинается с утверждения Декларации о государственном суверенитете Казахской ССР, принятой Верховным Советом Республики 25 октября 1990 г. Постановлением Совета Министров Казахской ССР (№ 156) 20 апреля 1990 г. была создана Государственная ономастическая комиссия, насущными задачами которой являются целенаправленное возрождение исконных названий и создание новых названий на территории Казахстана. Так, по данным Государственной ономастической комиссии при Правительстве РК, начиная с 1991 г. к 2001 году 64 района, 8 городов, 420 аулов и поселков, 680 организаций образования, культуры, здравоохранения и др. получили новые названия, были исправлены транслитерационные искажения или возвращены исторические названия. Только за период с 1998 по 2002 гг. были изменены названия 2 городов, 4 районов, 250 сельских населенных пунктов, около 340 организаций образования и культуры, исправлены искаженные формы названий 2 районов, 1 города. Например, в Костанайской области – 2 города, 10 районов, 9

аульных округов, 3 поселка, 14 аулов, 25 организаций образования и культуры, в Карагандинской области 2 областных района, 1 городской район, 18 школ, 4 учреждения культуры, 1 город, 5 поселков, 3 станции получили новые или правильно транслитерированные на русский язык названия. В Северо-Казахстанской области *Советский район* был переименован в *Аккаинский, Целинный район* в район *Габита Мусрепова*, в Восточном Казахстане городу *Лениногорску* возвращено историческое название *Риддер*, в Костанайской области г. *Кустанай* стал правильно передаваться на русский язык как *Костанай*, в Южно-Казахстанской области — *Чимкент* как *Шымкент*, поселки *Боровской, Комсомол, Голощекино, Ленино* соответственно переименованы в *Меңдіқара, Қарабалық, Приуралье, Ұзынкөл* и т.д. В соответствии с Государственной программой, направленной на стандартизацию географических названий, около 25 тыс. ойконимов, около 8 тыс. наименований школ, около 20 тыс. топонимов вошли в список, подлежащих переименованию или нормированию (*Құрманбайұлы Ш. Ономастикалық жұмыстарды республикалық деңгейде ұйымдастыру мәселелері туралы // Ономастика бүгінгі мен болашағы. Астана, 2002. С. 8-9*).

Многочисленный корпус топонимов, который необходимо упорядочить, включает следующие группы:

- казахские названия, которые в искаженной форме переданы на русский язык (каз. *Құрық* – рус. *Курюк* вместо *Курык, Шірікаяқ* – *Чердоаяк* вм. *Ширикааяк, Шалқар* – *Челкар* вм. *Шалкар, Дөңбұлақ* – *Дундулак* вм. *Донбулак*);
- названия, отражающие идеологию дореволюционной царской России (*Николаевка, Александрова, Екатеринославка, Алексеевка, Романовка, Богодаровка, Дарственное, Петропавловск, Павлодар*);
- названия-советизмы, отражающие идеологию советского строя (*Красноармейка, Красный Октябрь, Новый путь, Путь Ильича, Крупское, Октябрьское, Дзержинское, Комсомол*);
- названия, которые повторяются в пределах одной административно-территориальной единицы, так называемые «тиражированные» названия (п. *Абай* в одном и том же районе);
- названия, которые были даны вместо существовавших ранее автохтонных топонимов (*Жамбыл* – *Тараз, Черновая* – *Қарасу, Гурьев*– *Атырау*).

В ответ на возражения против переименований известный ученый академик А.Кайдар заметил: «Едва ли безоглядный протест, а порой амбициозность наилучший способ возражения. Оппонентам следует различать «национальное» и «националистическое». Никто не собирается все «неказахское» заменять «казахским», что само по себе абсурдно и принесло бы серьезный ущерб межнациональным отношениям. Но в то же время необходимость восстановления незаслуженно и незаконно измененных и вытесненных географических названий в Казахстане все же следует признать как право нации на историческую справедливость» («Казахстанская правда» от 29.02.1992).

Трансформация географических названий Казахстана происходила в различные исторические периоды дореволюционный в связи с присоединением казахских земель к царской России, послереволюционный и советский периоды в связи с урбанизацией, массовым переселением на территорию Казахстана представителей разных народов, когда планомерно проводилась политика «русификации». Так, в частности российские ученые В.И. Беликов и Л.П. Крысин, анализируя языковую ситуацию и языковую политику в России и СССР, пишут: «В послевоенные годы темпы индустриализации и урбанизации, начавшихся в национальных районах в 1930-е годы, постоянно возрастали. Промышленный пролетариат во многом (а в Средней Азии в основном) формировался за счет русских что делало постепенную языковую русификацию городов неизбежной. Особенно сильно это сказалось в Казахстане и Киргизии. Результатом массовых перемещении населения (к перемещениям 1940-х годов добавилось освоение целинных земель) также была русификация, поскольку единственным кандидатом на языкпосредник в любых межэтнических контактах был русский ... роль языка обучения переходила к республиканскому и частично к русскому, особенно в крупных городах, в первую очередь в столицах (Беликов В.И. Крысин Л.П. Социолнгвистика. М.: РГГУ, 2001. С. 398-403). (Столь подсобное цитирование обусловлено необходимостью продемонстрировать объективное мнение российских ученых о языковой ситуации и языковой политике бывшего режима, результатом действий которого явилось, в том числе, переименование географических объектов Казахстана.

Все названия в основном передавались на русском языке, и, несмотря на разработанные в 30-е годы положения, выдвинутые

казахскими лингвистами (А.Байтурсиновым, Х.Жубановым, С.А. Аманжоловым и др.), а также инструкции по передаче казахских названий на русском языке, деятельность по стандартизации транскрипции, транслитерации в соответствии с нормами казахского языка не была внедрена в практику.

Одним из направлений словарной работы является решение проблемы передачи казахских топонимов на русский язык, которая и в настоящее время представляет одну из актуальных проблем перевода. Эта проблема возникла в связи с тем, что при написании казахских названий в различных исторических и официальных письменных источниках, на картах административно-территориального деления КазССР их внешней форме и смысловому содержанию не уделялось должного внимания. С течением времени сложилось стереотипное восприятие, что эти названия не нуждаются в правильной передаче. Однако неправильная передача названия может усложнить идентификацию географического объекта, населенного пункта, города и т.п.

В связи с этим неоднократно разрабатывались Инструкции по передаче казахских географических названий на русский язык. Так, нельзя не отметить деятельность С. Аманжолова, О.Р. Назаревского, П.В. Симонова, которые в 1939 г. представили проект «Основные положения транскрипции географических названий Казахстана с приложением списка географических названий Казахстана» (рукопись, 1939, Сектор географии АН КазССР), в Приложение к которому вошли около 1,5 тыс. названий. Составителями были разработаны основные принципы передачи казахских названий русской графической системой.

Некоторые из них были приняты во внимание, однако до сих пор эта проблема не нашла своего однозначного решения.

С 2000 г. благодаря деятельности «Национального картографического-геодезического фонда» Управления земельными ресурсами Республики Казахстан началась работа по составлению Государственного каталога географических названий РК, включающего географические названия всех областей Казахстана. На основе Каталога были составлены государственные топографические карты масштабом 1:100 000. В 2002 г. была выпущена Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан, разработанная

совместными усилиями группы ученых из Института географии МОиН РК, РГКП «Картография», отдела ономастики Института языкознания им. А. Байтурсынова. Ее основу составляет Инструкция, выпущенная в 1971 г. Г.И. Донидзе, А.А. Абрахмановым, Г.К. Конкашпаевым, Дж.Х. Кармышевой. В новую Инструкцию были внесены существенные «дополнения и изменения, учитывающие современные топонимические реалии Республики Казахстан» (в настоящем справочнике эта Инструкция приводится полностью).

Предварительным этапом в подготовке этой инструкции стала работа по унификации и кодификации географических названий, проводимая Институтом географии и отделом ономастики Института языкознания им. А. Байтурсынова. Эти результаты были апробированы в новых словарях, посвященных топонимам отдельных областей. Принципы передачи казахских топонимов на русский язык в этом словаре существенно отличаются от таковых в словаре топонимов Джезказганской области 1990 г., в котором встречаются такие формы, как каз. *Қоянқұдық* – рус. *Коянкудук*, каз. *Бетқұдық*– рус. *Беткудык*, каз. *Қоңырбайқұдық*– рус. *Конурбайкудук*, каз. *Бидайық* – рус. *Бидaik*, каз. *Қосбидайық* – рус. *Қосбидаик* и т.п. Например, в словаре топонимов Акмолинской области географические названия с этими компонентами оформлены в соответствии с принципами Инструкции 2002 г.: *құдық* – *кудык*, *бидайық* – *бидайык* и др. Создание двуязычных и кодифицирующих топонимических словарей в соответствии с принципами новой Инструкции и современным состоянием топонимического пространства одна из насущных задач.

Интересно отметить тот факт, что в 1988 г. в России по инициативе Д.С. Лихачева был создан Советский Фонд культуры по топонимии, в результате действий которого в первые дни его функционирования были возвращены исторические названия *Ижевск* и *Набережные Челны*. Одна из задач этого Фонда разработка научно обоснованных принципов для возвращения исторических названий. Как отмечает В.П. Нерознак, деятельность Фонда распространяется «не только на названия городов, но и на улицы, поселки и даже на университеты» («Литературная газета», 6 апреля, 1988). Деятельность Фонда, несмотря на то, что он был «Советским», не распространялась на территорию Казахстана и других республик, входивших в тот период в состав СССР.

Переименования не происходят сами по себе, случайно и вдруг. Все новые именованья имеют причины как языкового, так и социального (экстралингвистического) характера. Так, в период расселения русских на территории Казахстана многие названия были иммигрированы вместе с переселенцами, т.е. населенным пунктам, в которых появлялись новые жители, присваивались названия, характерные для тех местностей, откуда шло переселение. Таким образом появились на карте Казахстана населенные пункты *Украинское, Херсоновка, Ново-Черкассовка, Ярославский, Таврический, Самарский* и т.п. Миграция названий характерное явление для человеческого коллектива и связана с тем, что сознание человека хранит определенный фонд имен, которые являются фрагментом его исторической памяти.

В настоящее время наблюдается тенденция сосуществования «прежних» и «новых» названий, при этом «старые» названия активно продолжают употребляться в речи: *Алматы – Алма-Ата, Шымбулак–Чимбулак* и т.д.

Процессы переименования в разной степени происходят на всем постсоветском пространстве. Они считаются закономерными в ходе социального переустройства жизни общества и наблюдаются на всех переломных исторических этапах. По мнению Ю.М. Лотмана и Б.А. Успенского, исследовавших переименования в период петровских реформ в России, «в этой тенденции ярко проявились черты мифологичности сознания: это сотворение «новой» и «златой» Руси мыслилось как генеральное переименование полная смена имен: смена названий государства, перенесение столицы и дача ей «иноземного» наименования, изменение титула главы государства, названий чинов и учреждений, перемена местами «своего» и «чужого» языков в быту и связанное с этим полное переименование мира как такового... Смена названия мыслится как уничтожение старой вещи и рождение на ее месте новой, более удовлетворяющей требованиям инициатора этого акта» (цитируется по: *Китайгородская М.В., Розанова Н.Н. Современная городская коммуникация: тенденции развития (на материале языка Москвы) // Русский язык конца XX столетия (1985-1995). М.: Языки русской культуры, 2000. С. 381).*

Помимо этого, упрочение статуса Казахстана как независимого государства, вхождение его в мировое информационное пространство,

открытость границ, расширение контактов с другими странами создает новые задачи, связанные с передачей географических названий на другие языки, в том числе английский язык.

Анализ написания географических названий Казахстана диктует необходимость создания новых словарей, которые включали бы сведения о правильном написании географических названий на казахском, русском и английском языках. При передаче казахских наименований возникают трудности, которые связаны, прежде всего, с особенностями казахского языка, на котором созданы эти названиями, и особенностями тех языков, на который они передаются. В связи с этим необходимо отметить, что передача казахских названий на английский язык до сих пор не была систематизирована, и в различных письменных источниках наблюдаются варианты английского написания казахских названий. Поэтому предлагаемое справочное пособие первый опыт унификации передачи географических названий на казахском, русском и английском языках.

Кроме того, особенностью Нового справочника является, во-первых, включение в его корпус названий республиканских административных единиц, областных и районных центров, крупных и малых городов, аулов, аульных округов на трех языках казахском, русском и английском; во-вторых, справочник включает в алфавитном порядке названия физико-географических объектов (рек, озер, гор), которые систематизированы по принадлежности к конкретным областям.

При составлении словаря были учтены практически все переименования на настоящий период. Безусловно, что не все названия могли войти в корпус Справочника, поэтому авторский коллектив будет продолжать работу по его переизданию. В связи с этим, хотим обратиться к будущим пользователям Справочника: будем благодарны за любые критические замечания и предложения по его совершенствованию, которые можно присылать по адресу: 050010, г. Алматы, ул. Курмангазы, 29, Институт языкознания им. А. Байтурсынова. Телефон: 2726961.

* * *

Авторы и составители словаря: д.ф.н., проф. **Т.Жанузак**, д.ф.н., проф. **Г.Б. Мадиева**, к.ф.н. **К.Рысберген**, к.ф.н. **Г.Анес** (словник), специалисты английского языка **У.Анесова** и **Д.Мадиева**.

ҚАЗАҚ ТОПОНИМИЯСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Жалпы деректер. Адамзат қоғамы қашанда өзін қоршаған дүние құбылыстарына атау бермей тіршілік етуі, әрі қарай ілгерілеп дамуы мүмкін емес. Әдетте жер-су атаулары қандай да бір адамдар қауымдастығының, этностардың қоғамдық, шаруашылық, тұрмыстық қажеттіліктеріне сай пайда болып, өшіп, өзгеріп, қайта жаңғырып отырады және сол қауым мүддесіне қызмет етеді. Алайда атаулар табиғи түрде пайда бола ма, әлде мақсатты түрде жасанды жолмен дүниеге келе ме, одан оның басты қызметі мекенжайлық, бағдарлық қызметі өзгермейді.

Қоғамда әр кезде орын алатын саяси, әлеуметтік дағдарыстар, нақты бір территориядағы халықтың этникалық құрамының өзгеруі (көбеюі, азаюы), мемлекеттік құрылымдық өзгерістер өз кезегінде жер-су атаулар репертуарында да тікелей көрініс тауып отырады. Кез келген этностың, халықтың түрлі тарихи дәуірлерде мәдени, тілдік, әлеуметтік дамуына сыртқы, экстралингвистикалық факторлар тікелей ықпал ететіндігі белгілі. Қоғам құрылымының алмасуы, қоғамдық институттар мен оның идеологиясының ауысуы құндылықтар жүйесінің өзгеруіне алып келетіндігі анық. Қазақ қоғамы да өзінің пайда болу, даму тарихында осындай бірнеше қоғам құрылымының, мемлекеттік идеологиясының өзгеруін, басқа кеңестік республикалардағыдай бірнеше даму кезеңін бастан кешірді. Ең алдымен, бұл өзгерістер жергілікті халықтың жер-су атаулар жүйесінде көрініс тауып отырды.

Бұрынғы топонимдер орнына жаңа топонимдердің орнығуы жер-су атауларын қолдануда жарыспа варианттылыққа (ескі мен жаңаның қатар қолданылуы немесе ресми жаңа қолданыспен қатар бейресми ескі атаудың қолданылуы), алақұлалыққа жол береді. Осыған байланысты Еуропа елдерінде ертеректен бастап, қазіргі кезеңде әлемнің көптеген өркениетті мемлекеттері өз жеріндегі жер-су атауларын реттестіруге, стандарттауға әрқашан айрықша көңіл бөліп келеді

Тілдегі жер-су атаулары тобын ғылыми тұрғыдан *топоним* деген терминмен атайды. Жалпы географиялық жер-су атауларына қатысты арнайы ономастикалық терминологияны, осы саланың іштей жіктелуіне сай, көпшілік қауымға түсінікті болу үшін төмендегідей танымдық-деректік ақпаратты келтіреміз.

Топоним – Жер бетіндегі табиғи нысаналардың жалқы атауы (мұхит, өзен, көл, тау, т.б.), сондай-ақ Жердегі адам жасаған, нақты бір аймақта тіркелген нысана атауы (қала, ауыл және түрлі елді мекен түрлері, коммуникация жолдары, т.б.).

Топонимика – топонимдердің пайда болу жолдары мен заңдылықтарын, даму, қызмет ету ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттейтін ономастиканың дербес ірі саласы.

Топонимикон – 1. Топонимдер сөздігі немесе топонимдер тізбегі. 2. Географиялы атаулар репертуары.

Топонимия – қандай да бір нақты тілдің, нақты аймақтың, нақты мәтіннің, нақты дәуірдің топонимдер жиынтығы.

Географиялық нысаналар – орналасу нүктесінің нақтылығымен сипатталатын, қазіргі кезеңде бар немесе бұрын болған, тұрақтанған Жердің тұтас құрылымдары құрлықтар, мұхиттар, теңіздер, аралдар, бұғаздар, тау, өзен, мұздықтар, шөл далалар мен өзге де көптеген табиғи нысаналар, сондай-ақ республикалар, өлке, қала және өзге елді мекендердің түрі, аудандар, теміржол бекеттері және т.б. осы сынды нысаналар.

Географиялық нысана атаулары – географиялық нысаналарға беріледі және оларды бірінен-бірін айыру, тану үшін қызмет етеді. Терминдік мағынасы жағына топоним терминіне синонимдес болып келеді.

Географиялық нысана атауларын нормалау (нормаға келтіру, жүйелеу, бірізге келтіру) географиялық нысана атауының ең жиі қолданылатын нұсқасы таңдап алу және ол қолданылатын тілдің заңдылығына сай жазылуын анықтау және тұрақтандыру.

Қазақ тіліндегі жер-су (географиялық) атауларын орыс тілінде және орыс тіліндегі атауларды қазақ тілінде таңбалаудың Нұсқаулығы Қазақстан Республикасындағы географиялық нысаналардың бірізділігін және дұрыс пайдаланудың бірегей ережелерін белгілейді.


Ономастикалық топтардың жіктелуі. Ономастиконның (жалқы есімдер түзілімі) ұлттық, мәдени ерекшелігі айқын көрініс табатын тұсы – ол нақтылы дәуірде тіршілік еткен кеңістіктегі түрлі заттар мен құбылыстар тобының немесе қияли ұғымдардың сол халықтың дүниетанымына сай Ономастикалық атауға ие болатындығы.

Қазақ Ономастикалық кеңістігі бірнеше секторлар мен сегменттерге бөлінеді. Жалқы есімдер атауға ие болатын нысана денотаты сипатына сай түрлі топтар мен кластарға бөлінеді. Қазақ ономаст-мамандары онимдік бірліктерді топтарға бөлгенді тіліміздің заңдылықтарына, ұлттық менталитетке сүйене отырып негізінен бұрыннан қалыптасқан Еуропа және орыс ғалымдары жүйелеулерін басшылыққа алатындығын айту керек. Осы орайда көпшілікке ұғынықты болу үшін қазақ ономастикасының басты тармақтары мен топтарын әлемдік ономастика, одан бері орыс ғалымы Н.В. Подольская [1] қолданған белгілі схема жүйесі негізінде көрсетуге болады. Олар грек және латын тілдері негізіндегі интернационалдық терминдік элементтерден жасалған (*1,2,3-сызбалар*).

Бұл схемаға антропонимдер (кісі есімдері) де қосылуы керек. Ол да ономастиканың ірі бір бөлігі болып саналады.

Ономастиканың ғаламдық бейнесін бұлай бөлудің кейбір тұстары шартты екендігін мойындау керек. Алайда адам, адамзат іс-әрекеті, тіршілігі аясына іліккен нысаналар мен құбылыстар тілдік бірліктер арқылы таңбаланып, иерархиялық тұрғыдан ономастикалануы қажет болғандықтан, осылай топтастырылып, жүйеленуі қолайлы да орынды деп білеміз.

1 -сызба. Жер беті кеңістігі атаулары (жанды және жансыз болмыс)



(геологиялық формациялыр)


2 -сызба. Жер беті кеңістігі атаулары



3-сызба. Адамның тіршілік аясындағы атаулар

теоним	мифоним	идеоним	прагматоним
(кез келген пантеондағы құдай атауы)	мифоантропоним мифоперсоним мифотопоним мифозооним	антрионим (өнер туындысы атауы) библионим (жазба шығарма атауы) геортоним (мереке атауы) гемероним (мерзімді баспасөз атауы) документоним (құжат атауы) поэтоним (көркем әдебиет атауы) хрононим (уақыт, кезең атауы)	хрематоним (зат атауы) порейоним (көлік атауы) ойконим (елді мекен атауы) ойкодоним (ғимарат атауы) урбаноним (қала іші нысана атаулары) дромоним (жол атаулары) агроним (өңделген жер телімі атауы)

4-сызба. Ғаламшар кеңістігі атаулары



Қазақстан топонимиясының дамуының кезеңдік сипаты

Жер бетіндегі көптеген тарихи атаулар – ежелгі өркениеттерден қалған тілдік мұра. Топонимдердің (жер-су аттарының) шығу, пайда болу тарихы ең алдымен халық тілінің байлығына, әрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылысына, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын, ел-жұрттың кәсіби тірлігіне, мемлекеттің дамып өсуі мен елді мекендердің сан жағынан артып, молая түсуіне тікелей байланысты болып отырады.

Шығыстың кемеңгер ойшылы Конфуций осыдан екі мың жыл бұрын Қытай билеушілерінің біріне мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды атауларды дұрыстаудан бастау керектігі туралы: «Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайды. Сөздердің негізі болмаған жағдайда іс те жүрмейді және халық та не істерін білмейді», - деген екен.

Жер-су атауларының феномені неде жатыр десек, олар тіліміздегі ең көне сөздер бетінде аса ерте, есте жоқ замандардан күні бүгінге дейін жеткен ұлтымыздың ұлы рухани мұрасы. Өзінің айрықша тілдік табиғаты, тұрақтылығымен бізге беймәлім арғы ата-бабаларымыздың тілінде өрнектелген ежелгі атаулардың қазіргі тілдік айналымда болып, қоғам қажетін өтеуінің өзі феномендік факт. Мәселен, ұлтымыздың өз атауы *қазақ*, еліміздің *Қазақстан*, *Қазақ елі* атауынан бастап, *Каспий*, *Талас*, *Ертіс*, *Сырдария*, *Талғар*, *Маңғыстау*, т.б. сынды атаулар ескі заманнан жеткен «заманауи» сипаттағы тарихи атаулар. Бұл атауларды тарихи деп атауымыздың өзі шартты, себебі есте жоқ ерте замандарда пайда болған бұл атаулар әлі күнге дейін белсенді мекенжайлық, мәдени-кумулятивтік қызмет атқарып келе жатқандығымен ерекшеленеді.

Ал қазақ өркениетінің алтын бесігі есебіндегі ұлы Сырдария, Іле, Ертіс, Жайық, Каспий сағалары әлемнің аса көне өркениет ошақтары аты аңызға айналған Ніл, Ефрат, антикалық Рим, Эллада мәдениеттерімен пайда болу кезеңі тұрғысынан көнелігі, адамзат өркениетіндегі алатын орнының маңыздылығы жағынан шендесе қатар тұра алатын ұлттық, тіптен ортақ еуразиялық мәдениеттің феномені ретінде қарастырылуы қажет-ақ.

Қазақ халқының этнологиялық кеңістігін қалыптастыруға қатысқан, ерте кезден төл тарихымызбен қатар дамып келе жатқан жер-су атаулар жүйесі қандай сипатта болды дегенге төмендегідей қысқаша шолу жасауға болады.

Қазақстан жерінің тарихи-географиялық тұрғыдан зерттелуін жазба деректер бойынша зерттеуші академик Ә.Бейсенова 4 кезеңге бөліп қарайды: 1) қазақ жерінің географиясы жөніндегі алғашқы деректер біздің дәуіріміздің

VI ғ-нан бастау алады; 2) Қазақстан туралы ортағасырлық деректер (VI ғ. мен XVI ғ. аралығы); 3) Қазақстанның Ресейге қосылғанына дейінгі тарихи-географиялық деректер (XVI ғ-дан 1931 ж. дейін); 4) Қазақстанның игерілуге тиіс әртүрлі аймақтарының мақсатты түрде зерттелуі (1731-1919).

Ұлттық топонимикада Қазақстанның жер-су атауларын тілдік, тарихи-хронология тұрғыдан төмендегідей жіктеуге бар: 1) ежелгі, мағынасы күңгірттенген субстратты атаулар; 2) көне, жалпытүркілік дәуір атаулары; 3) кірме атаулар (араб-парсы, моңғолтектес қабаты); 4) орыс тілінен енген кірме атаулар жүйесі; 5) байырғы және қазіргі қазақ атаулары.

Ғалымдардың пайымдауынша, кейбір көне атаулар тіптен адамзаттың жазба мәдениеті пайда болғанға дейін жасалған деген болжам бар. Расында, антикалық Ежелгі Рим, Египет, Эллада жерлерінде дүниеге келген Ніл, Ефрат, Ганга, Қытай жеріндегі Хуанхэ өзендері ертедегі гүлденген ежелгі өркениет, мәдениет ошақтарында пайда болған, мыңдаған жылдық тарихы бар атаулар. Қазақстан жеріндегі кейбір жер-су атаулары антика өркениеті өкілдері Страбон, Плиний, Птолемей, Геродот, т.б. сынды грек-рим ғалымдарының жазбаларында, көптеген жиһанкездер еңбектерінде көрініс тапқан.

Мәселен, ежелгі Сырдария өзені мен Каспий теңізі туралы және ол жерлерді мекендейтін халықтар жөніндегі алғаш деректер Геродоттың әйгілі «Тарихында» кездеседі. А.Македонский жорығына қатысқан ежелгі грек зерттеушілерінің, жиһангез көпестердің, әскери қолбасылардың әңгімелерінен жазып алған нақты болмаса да біздің жерімізге қатысты үзік деректер жеткен. Мысалы, гректер *Сырдарияны Яксарт*, кейде Донмен шатастырып *Танаис* деп, ал ежелгі сақтар оны *Силис* деп бактриялықтар *Лаксат* деп атаған көрінеді. Антикалық дәуір ғалымдары Птолемей мен Страбонның еңбектерінде де ежелгі Орта Азия мен Қазақстан территориясына қатысты географиялық құнды деректер келтірілген [2]. «Скиф де Имаус» деген картасында Птолемей (б.д.д. 90-168 жж.) Скифияның шекарасы қазіргі Қазақстан шекарасымен сәйкесетіні белгілі. Яғни оңтүстік шекарасы Яксарт арқылы өтсе, оңтүстік-шығыс шекарасы Үстірт пен Арал теңізі аймақтарымен өткен.

Ежелгі Қаңлы мемлекеті мен қаңлы тайпасы жөніндегі және ежелгі қазақ жеріне қатысты кейбір атаулар туралы алғашқы деректер Қытай жылнамалары мен зороастризмнің жинақ кітабы «Авеста», сондай-ақ Фирдоусидің «Шах-наме» эпосында кездесетіндігін айту керек. Бертін келе, VII ғасырдан бастап ежелгі қазақ жерге қатысты жер-су атауларын орхон-енисей сына жазуларынан кездестіруге болады [3]

Орхон-енисей жазба ескерткіштерінде ежелгі қазақ жеріне қатысты және қазіргі еліміздің топонимдік кеңістігінде өзінің тілдік-мәдени қызметін атқарып келе жатқан мынадай кейбір жер-су аттарын келтіруге болады: *Еділ, Ертіс, Қаңғу-Тарбан, Трарбанд-Тарбан* (С.Кляшторныйдың пайымдауынша, ежелгі *Отырар* атауының одан да көне тұлғасы болуы мүмкін деген болжам айтылады), ал *Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк* ескерткіштерінде кездесетін *Йенчу-Оғыз* өзен аты «маржан өзен Соғдының шығыс шекарасы» *Jaxart* – көне иран тілінде «нағыз маржан» деп этимологияланады, яғни қазіргі *Сырдария* гидронимімен сәйкеседі.

Бұл эпитафиялық жазулардағы жер-су аттары автордың жорық жолдарын сол кездегі оқиғаларды баяндау барысында келтіріліп отырған. Сол кездегі топонимиялық кеңістіктегі жер-су атаулары байырғы түркі әлемінің «дүниенің тілдік бейнесінің» Ономастикалық, оның ішінде топонимдік үзігін құрайды. Байқасақ, бұл ескерткіштердегі жер-су аттарын жасауға негіз болған уәждер сипаты мен қазіргі ұлттық топонимиялық жүйедегі типтес топонимдердің жасалу уәждерінде алшақтық жоқ деуге болады. Мысалы, *Jaşyl ögüz, Argantu qajas, Jilun qol, Qara köl, Qara qum Temir Qariq, Uduq baş*, т.б. семантикасы айқын қос тұлғалы атаулар. Атау жасауда ұйытқы болатын географиялық терминдер де он бес ғасыр бойына түркі тілдес оның ішінде қазақ тілінде де өзінің алғашқы тілдік, лингвомәдени сипатынан арылмай сақталып келді деуге болады. Мысалы: *köl, tag//taç, Qargan, ordu, ot, sud, jar, tas, täñiz, töpä, turuq, ulus, qum, jol, art, jurt, käcig* (кешу) т.б. Мәселен, соңғы *käcig* (кешу көнетүркі лексемасының семантикасы қазіргі қазақ тіліндегі *өткел* сөзінің мағынасы екеуіне де ортақ «суды кешу, судан өту» етістігі өрісінен орын алып, генетикалық (типологиялық) тұрғыдан көнетүркі тұлғасының қазақ тілінде дамыған синоним, дериваты ретінде қалыптасқан деуге болады.

Аталмыш топонимдер мен географиялық терминдер орхон-енисей сына жазуларында тасқа түскеннен бұрын пайда болып, сол кездегі тілдік ортаға, байырғы түркі қоғамына қызмет еткені белгілі. Қазақ тілінен өзге де туыстас тілдердің тарихи табы мен іздері жатқан ескерткіштердегі қазіргі тілдік жүйедегі жер-су атауларымен тұлғалас бұл топонимдердің сабақтастығы, тұрақтылығы мен өміршендігі жалпытүркілік этникалық сәйкесімділікті сақтауы оларды тілдік-тарихи кумулятивтік әлеуеті жоғары мәдени феномен ретінде бағалауға негіз болады. Осы ретте тілі ортақ, ділі ортақ, діні ортақ, жері ортақ болған арғы ата-бабаларымыз өздерін ортақ мүдделі этникалық қауым ретінде сезініп, этникалық санаға ие болғандығын эволюциялық тұрғыдан дәлелдейтін тарихи фактілердің бірі ретінде жоғарыда келтірілген тілдік, топонимдік деректерді атауға болады.

VI-VIII ғасырларда Іле бойында Батыс Түрік қағанатының астанасы болғандығы, ал VIII-X ғасырларда Қарлұқ мемлекеті, одан соң Оғуздардың IX-XII ғасырларда өмір сүргені, XI-XII ғасырларда Қимақтар мен Қыпшақтардың, XIII-XIV ғасырларда Моңғол үстемдігі, XIII-XIV ғасырларда Қыпшақ бірлестігі, яғни Дешт-и Қыпшақ, кейіннен Жетісу, Талас өңірлерінің Моңғол мемлекеті қол астында болуы мындаған жер-су аттары арқылы өз іздерін қалдырып отыр. Бұл атаулардың ішінде бағзы тарихқа кейінгі, яғни біздің дәуірімізге дейінгі жер-су аттары мен орта ғасыр, ортағасырлық көне атаулар көптеп кездеседі

Қазақстанның топонимдік кеңістігіндегі тарихи атауларды шартты түрде біздің дәуірімізге дейінгі (субстратты), ерте орта ғасыр, ортағасырлық жер-су атаулары деп қарастыруға болады. Біздің дәуірімізге дейінгі гидронимдер мен оронимдерге мына атауларды жатқызған жөн: а) теңіз аттары: *Каспий теңізі, Арал теңізі*; ә) өзен аттары: *Арыс, Талас, Сырдария, Ертіс, Есіл, Іле, Елек, Кеңгір, Шу*; б) тау аттары: *Алтай, Хантәңірі, Қаратау, Қазығұрт, Қарқара, Қарқаралы, Күршім, Тарбағатай, Маңырақ*, т.б.

Ерте орта ғасырға тән жер-су аттары: *Тараз, Екіөгіз, Қаялық, Суяб, Сығанақ, Сауран, Орал, Талкиз (Талғар), Сарайшық, Керем, Кеш, Торғай*, т.т. Ортағасырлық жер-су аттары: *Құлан, Отырар, Созақ, Сайрам, Сүткент, Жайық, Теке, Аспара, Шымкент, Туркістан*, т.т.

Жазба деректер мен археологиялық қазба материалдар өткен дәуірдің орта ғасырында қазақ жерінде тұрақтар мен елді мекен және қала, қалашықтардың көп болғанын растап отыр және ежелгі қала орындарында қалған қирандылар арқылы олардың өткен замандардағы аттары да анықталу үстінде. Соңғы онжылдықтардағы зерттеу нәтижелері Орта Азия халықтары өмірінде көшпенділікпен қатар, отырықшылықтың да болғанын дәлелдей түсуде.

Тарихшылардың баяндауынша: «Отырықшылық пен қала өмірінің даму қарқыны қазақтың барлық жерінде бірдей болмады. Сырдария мен Талас, Шудың оңтүстік аудандарында қалалардың дамуы әсіресе V-VIII ғасырда үдей бастайды» [4, 107].

Қазақстанның көне дәуір қалаларының аттарын зерттеу, оларды лингвистикалық тұрғыдан талдаудың тарихи-географиялық әрі этнографиялық мәні мен маңызы аса зор.

Соңғы жылдары Қазақстан археологтары көне қалалардың орындарында қазба жұмыстарын жүргізіп, қорғандар, қалалардың орнындағы қирандылардың аумақтары мен жер көлемдерін анықтады. Мәселен, Тараз қаласының аумағы 6,5 гектар болса, Отырар 20, Құлан 12, Талғар 9 гектар жерге орналасқан. Қазақстандағы ерте ортағасырлық және ортағасырлық

қалалар әсіресе оғыздар мемлекеті тұсында (IX-XII ғғ.), қимақтар мен қыпшақтар дәуірінде (VIII—XII ғғ.) көптеп салынып, ерекше гүлденгені белгілі.

Қазақстан топонимдері ерте заман оқымыстылары Марко Поло, Земарх еңбектерінде, сондай-ақ саяхатшылар мен әртүрлі елдердің елшілерінің (Плано Карпини, Андре Лонжюмо, Вильгельм де Рубрук) жазбаларында біраз кездеседі. Әсіресе, X-XII ғасырлардағы араб саяхатшылары мен ғалымдарының еңбектерінде жер-су аттарының көптеп хатталғанын ибн-Хордабек, ибн-Хаукал, әл-Махдуси, әл-Масуди, әл-Идриси еңбектерінен анық көреміз.

«Худуд-әл-алам» мағлұматы бойынша, қарлұқтар билігі кезінде 25-тен аса қала мен елді мекендердің болғаны, олардың ішінде: *Құлан, Мерке, Алмалық, Тузун, Балыз, Барсхан, Сихкул, Талғар, Тоң, Пенгүл* сияқты қалалардың аттары аталады.

XI ғ. авторы әл-Идриси «Нұзхат әл-Муштак» атты еңбегінде Қимақ хандығының 16 қаласының атын атайды да, оның 12 қаласы қимақтардың тұрған жері, яғни *Гамаш өзені* алабында *Хотан* астанасымен бір жерде орналасқан деп көрсетеді.

Қазіргі топонимдер құрамында қазақ тілі материалы тұрғысынан талдауға көнбейтін, әдеби тіл нормасында жоқ субстратты лексикалық қабаттар жиі ұшырайды. Ондай топонимді қытай халқының «Ханнама. Үйсіндер тарауы», «Тарихнама» сияқты атақты көне тарихи ескерткіштерінен ұшыратуға болады. Ресейдің жоңғутану ғылымының негізін қалаушы синолог Я.Бичуриннің «Орта Азия байырғы ұлттарының тарихи материалдары» атты белгілі еңбегі, француз тарихшысы Хоутсманың «Ханнама» мен «Тарихнамадағы» Батыс өңірлерін аударып, ондағы Ономастикалық материалдарды көрсетуі, жапон оқымыстысы Ушида Канпу т.б. ғалымдар біріге отырып, жоңғу тарихи кітаптарындағы Батыс өңір тарауларын аударып, түсінік жазып, қос томдық еңбегін баспадан шығаруы, міне, осылардың бәрі түркі атаулары, оның ішіндегі қазіргі қазақ халқын құрап отырған ірі тайпалар: үйсін, қаңлы, қыпшақтар туралы, оларға тән ономастикалық материалдарды сүзіп алып, тереңдей зерттеуге негіз болады.

Жазба деректерге сүйене жасалған V-VIII ғғ. карталарында да Қазақстан территориясын мекендеген түрік тайпаларының орналасу кестесі көрсетілген. Бұл кесте Суяб қаласынан басқа *Истиджаб, Тарбан* (Отырар), *Тараз, Шаи* қалалары және *Оксус, Яксарт* (*Сырдария*) өзендері, *Хорезм көлі* (Арал теңізі), батыста *Гиркан теңізі* (Каспий теңізі) көрсетілген.

Оғыздар Сырдария өзені бойында *Женд, Янгикент, Хора* қалаларында, *Арал, Каспий* теңіздерінің кең жазира далаларында, *Мұғалжар тауы* мен

Ойыл, Ырғыз, Жем өзендері бойында көшіп-қонып жүрді. Мұғалжар жондарында оғыздардың *Нуджақ, Бадазақ* атты қорған-бекіністері, ал оңтүстік Оралда *Даранда* (Дендер) және *Дарку* деген шағын бекіністері болды.

Араб географы әл-Идриси «Нузхат әл-Муштах» деген XI ғасырдағы еңбегінде қимақтардың қалалары мен тұрақтары туралы құнды деректер келтіреді. Ол «Кир хандарының қалалары он алты» деген мәліметті жалғастыра келіп, сол Кир кездегі мемлекеттер мен ірі тайпалар мен жер-су аттарының картасын жасаған.

Ерте ортағасырлық топонимдерге көбіне гомогенді көне түбірлі топонимдердің екені анық байқалады. Оларды біріккен тұлғалы атаулар құрамынан анықтаймыз. Мысалы: *Бақанас, Дегерес, Текес, Қорғас, Ертіс, Есіл, Асы, Балқаш, Елек, Еміл, Қағыл, Қиыл, Тобыл, Лабасы, Лабар, Лепсі, Ойыл, Іле, Кеңгір, Жем, Жеменей, Қарагем, Жымтиты, Бөген, Сарқан, Түрген, Обаған, Шамалған, Бүйен, Аягөз, Тараз, Талғар, Қаратау, Бозашы, Беказы, Маңғыстау, Сағыз, Өлеңті, Сілеті, Шідерті*, т.б.

Ерте орта ғасырда Қазақстан жеріндегі қалалар мен қалашықтар және белгілі тұрақ-қыстақтардың пайда болып дамуына, өзендер мен көл, көлшік, тау, қыр, жота, шоқы, төбе, т.б. объектілерге ат беруде жоғарыда аталған түркі тайпаларының рөлдері ерекше болғаны даусыз.

Оңтүстікте *Құйрықтөбе, Баба-Ата* деген ежелгі қала қирандылары, Жетісудың оңтүстік-батысында *Құлан, Ақтөбе, Мерке, Жуантөбе* атты қала қирандылары IX-X ғасырларда белгілі болғанды. Осы жақтағы *Аспара, Нузкент, Сарыз* сияқты қалалардың сауда-саттық пен мәдени қарым-қатынаста мәні зор болды.

Ұлы Жібек жолындағы *Тараз* және *Суяб* қалалары VI ғасырдан-ақ жазба ескерткіштерден белгілі боп, ірі қалалар санатына қосылған. Жетісудың оңтүстік-шығысындағы *Талхиз, Екіөгіз, Қаялық* қалаларының жер өңдеу шаруашылығымен қатар сауда-саттық, мәдени жетістіктер жағынан мәні ерекше зор еді. Осылармен қатар Жетісудың *Алтын, Арғы-Талас-Улыс, Чигил-балық, Йаканкент, Ордакент* қалаларының тарихта аты қалды. *Құлан, Жол, Бұзық, Сарыз, Беклик, Жар* сияқты қалалар нағыз түркі сөздерінен қойылған қала аттары.

VIII ғасырда соғдылар негізін салған қалалар: *Хамукет, Навакет*, Жетісуда, оңтүстікте *Сауран, Сайрам, Қарнақ, Сунақ, Тараз, Арсубаникет, Испиджаб, Отырар-Фараб* (VIII ғ.) қалалары белгілі болды. Отырар қаласының бұрынғы аты *Тарбан* болған деген де пікір бар. *Тарбан, Турарбанд* және *Отырар* бәрі бір қаланың аты деген пікірлер ғалымдар ортасында ертеден орын алған.

Тараз қаласы жыл санауымыздың II ғасырынан белгілі болған. Оның айналасын Талас өзені бойында *Ассы, Төменгі Барсхан, Хамукет, Жикіл, Адахкет, Дех-Нужикет*, т.б. қалалар өмір сүрген. Бұл атаулардың барлығы да ерте орта ғасырда, яғни X ғасырларда қолданылған.

Араб географы әл-Идриси Қимақ хандарының он алты қаласы бар, *Қарантия* – қимақтың басты үлкен қаласы, *Гаган* деп аталатын үлкен көлдің жағасында деп жазылады. Одан әрі *Дамурия, Сараус, Банжар, Дахсан, Ханаш, Астур, Гамаш өзені, Ертіс* сияқты қала аттарын атайды. Орта ғасырда бұл аталған қалалардан басқа да толып жатқан топонимдердің болғаны даусыз.

Жалпы Сарыарқаның еңсіз жазығын емін-еркін иемденген қазақ халқының қабырғалы елі XI-XIV ғасырларда *Дешти Қыпшақ* аталған сар далада табан аудармай тіршілік етіп, мыңдаған жер-су аттарын өз тілдерінен қойып отырған.

Жоғарыда Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар мен тұрақтарға, өзендер мен көлдерге тоқталып өткенімізбен, Қазақстанның күллі оңтүстік аймағына қатысты ортағасырлық жер-су аттарын санамалап өту мүмкін емес. Тек ол кезге тән топонимдер деп мынандай жер-су аттарын көрсете аламыз: *Алматы, Есік, Түрген, Татар, Алатау, Асы, Кеген, Кетпен, Шонжы, Шошанай, Бұғыты, Сөгеті, Күрметі, Саты, Меркі, Темірлік, Лабасы, Лепсі, Жаркент, Қорғас, Көктал, Қаратал, Бүйен, Быжы, Сарқан, Басқан, Алтынемел, Өсек Жабай (тау), Талас, Мойынқұм, Мерке, Аспара, Құлан, Қаратау, Шу, Аса, Баласағұн, Қорағаты, Қарақыстақ, Төгүскен, Кеңгір, Сарысу, Хантау, Қасық, Қордай, Ақбұлым, Ақасық, Бактауата, Жүнжүрек, Быжы, Шымкент, Сұнақата, Сызанақ, Созақ, Білеуті, Ұласты, Үйдене, Үрпек, Үстірт, Шабырлы, Шаға, Шар, Шағын* т.б.

Қазақстан жеріндегі аса көне гидронимдердің бірі *Каспий теңізінің* атауы біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырда Орта және Солтүстік Кавказда *Кас елі*, мемлекет ретінде, ол осы дәуірде албандар басып алып, ассимиляциялаған халық аты ретінде кездескен (БСЭ, 20 т., 324бет). Көрнекті грек географы Страбон албандардың басып алған жерінде *Каспиян* мемлекетінің болғандығын және ол мемлекет пен теңіз қазіргі кезде жоқ болған *каспи* деген халық атының қойылғанын айтқан [5, 476].

Каспий теңізінің ең алғашқы атауларының бірі *Гирхан* болатын. Бұдан басқа да *Албан, Хвалын, Гуржи, Гирхан, Оғуз, Хазар, Табарыстан, Дейлем, Дербент, Түрікмен, Маңғышлақ, Гулзум, Ақ, Көк, Гуз, Қыпшақ, Қара теңіз, Сарай, Хиуа* тәрізді аттары хатталғаны тарихтан мәлім. Бұлардың көбісі, әрине, теңіз жағасында тұрған тайпалар мен қалалардың аттары. Әзірбайжан,

Түркіменстан, Иран классикалық әдебиеттерінде бұл теңіз *Хазар* деген атымен белгілі (*хазар* түркі халқының аты).

Араб-парсы жазбаларында да көнедегі қазақ жерінің жер-су атаулары, ол жерлерді мекендейтін халықтардың әдет-ғұрпы туралы көптеген деректер келтірілген. Орта ғасырда (XII ғ.) өмір сүрген ежелгі түркі әлемінің ғұламасы Махмұд Қашғаридың әйгілі «Диван-лұғат ат-турк» атты еңбегінде де күні бүгінге дейін жеткен көне қала атаулары туралы бірсыпыра деректер ұшырасады (*Сығанақ, Қарнақ, Оғызкент, Сауран*, т.б.).

XIX ғ. дейін ежелгі қазақ жерінде әр тарихи кезеңдерде орын алған өзге мемлекеттер мен елдер тарапынан жасалып отырған басқыншылық саясаты төлтума топонимдік жүйенің ұлттық болмысына, тұтастығына айтарлықтай ықпал ете алмады. Ерте кездегі Араб халифатының орнатқан билігі топонимдік деңгейде кітаби діни ықпал арқасында еніп, кейбір топонимдік модельдердің компоненттері ретінде ирригациялық (суландыру), сәулеткерлік апеллятивтерде, агиотопонимдік жүйеде т.б. және жеке жер-су атаулары тұлғасы ретінде сақталып қалды. Алайда араб, парсы кірме атаулары мен компоненттері ұлттық топонимиконның жүйеқұраушы әлеуетті қабаты емес, фрагментарлы сипаттағы жеке элементтер арқылы ұлттық ономастикалық қордың көне субстраты ретінде танылады. Ол атаулар өзінің көнелігіне (байланысты лексемалық бейнесі сақталғанымен, семантикасы күңгірт болғандықтан төл ономастикамыздың табиғи құрамдас бөлігі ретінде қабылданып, әбден кірігіп қалыптасып кеткен. Сондықтан араб, парсы тілдері компоненттерінің қатысуымен жасалған топонимдердің өзгелігі, «бөтендігі» тілді тұтынушыларға айқын сезіле бермейді. Мәселен, *Талғар, Шардара, Шарлақ, Леңгір, Астана, Шымкент*.

Моңғол тілінен енген немесе моңғол тілі ықпалы арқылы жасалған жер-су атаулары қазіргі топонимдік кеңістігімізде сан жағынан едәуір қабат құрайды. Олар өзіндік лексикалық, орфографиялық ерекшеліктеріне қарай өзге ұлттық атауларымыздан окшауланыңқырап, «бөтендігі» семантикасының күңгірттігі арқылы да, фонетикалық графикалық, лексикалық тұрғыдан белгіленуі де өзге қазақи атаулардан байқалып тұрады, мысалы, *Қапшағай, Боралдай, Ұранқай (Ораңғай), Шаңқанай*, т.б.

Бұл тілдік фактілерден көріп отырғанымыздай, олар ұлттық топонимдік кеңістігіміздің отарлануы мен орыстануына дейін де, одан кейін де қазақ топонимиконының төлтумалығына, тұтастығына айтарлықтай ықпал еткен жоқ деуге болады. Қазақ тіліндегі атаулармен қатар араб-парсы, моңғол тектес топонимдер тілдік-адрестік, кумулятивтік қызметін молынан атқарып келеді.

Отаршылдық саясаттын ұлттық топонимиядағы кері әсері. Ұлттық топонимияның сан ғасырлық бірегейлігі, каймағы бұзылмаған тұрақтылығының сыртқы күштер ықпалымен өзгеріске ұшырай бастауы XVIII-XIX ғасырлар аралығынан XX ғасырдың бас кезеңдеріне дейін орын алды. Осыған байланысты ұлттық топонимикадағы «ақтаңдақтар» проблемасы жөнінде академик Ә.Қайдар мен проф. Т.Жанұзақ: «...Қазақстан топырағындағы географиялық атаулардың «дертке» ұшырауының себеп-салдарын, таралу шеңберін айқындаған жөн», - дейді [5,149]. Ұлттық топонимдердің жаппай дертке ұшырау себебі, әрине, Ресей империясының жүргізген отарлау саясатына тікелей байланысты болғаны мәлім. Белгілі зерттеуші М.Мырзахметовтың көрсетуінше, Ресейді ұзақ жылдары билеген Романовтар әулетінің патшалығының ғасырлар бойы жүргізіп келген ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыт-бағдары, мақсаты – отарланып алынған елдерді шоқындыру арқылы өз дініне кіргізу, орыстандыру болатын. Осы мақсатты жүзеге асырудың ұрымтал буыны отарланған бұратана елдердің ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазу таңбаларын, яғни алфавитін өзгерту, оны кириллицаға ауыстыру саясаты тым ертеректен басталғанын көреміз. Өйткені ескі жазуын өзгерту арқылы кез келген халықтың тарихи жадын өшіріп, өткені мен тарихынан қол үздіру арқылы идеологиялық мәнгүртке айналдыру отаршыл өкімет атаулының негізгі мақсат-мүддесі, ортақ саясат билігі [6, 12].

Түрлі «игі» мақсаттарды жамылып, Ресей империясының «шалғай жатқан» Азия бөлігіндегі елдерді астыртын, біртіндеп отарлау мақсатымен көптеген әскери, ғылыми экспедициялар, миссионерлік топтар ежелгі қазақ жеріне бірінен соң бірі ағыла бастады. Өзге халықтарды отарландыру және соңынан орыстандыруды мақсат еткен саясат Ресейде ерте кезде 1731 жылы «Новокрещенская контораның» құрылуымен айқындала түскен. ІІ Александр патша 1865 жылғы 5 шілдеде ресми құжат раскриптіге қол қойып, 1867 жылдан бастап, негізгі мақсаты қазақтарды орыстандыруға байланысты «Жаңа низам» ережесі іске асыра бастады. Отарландырудың, орыстандырудың топонимия саласындағы түпкі нәтижесі «...Россияның ішкі губернияларынан Қазақстанға көшірілген жерсіз-күйсіз жүрген миллионнан астам орыстың мұжық шаруалары өздеріне тартып әперген ең шұрайлы (тау алқабы, шөбі шүйгін өзен-су бойы) 47 миллион гектар қазақ жерін ғана иеленіп қойған жоқ, ол жерлерге өз елінің хутор, деревня, поместье, т.б) атауларын ала келген еді. Ол атаулар ертеден келе жатқан жергілікті атауларды ығыстырып барып, зорлықпен «қалыптасты» [6, 149].

Шынында да, XIX ғасырда Қазақстан жеріндегі отарлау саясатының құлашын жая, бастырмалата жүргізіле бастады: көптеген әскери, ғылыми

экспедициялар үсті-үстіне ағылып келді, жер-жерлерде картографиялық, топографиялық-әскери рекогносцировка жүргізілді, жер қойнауы жүйелі түрде барлау мақсатымен зерттелді. Мәселен, Т.С. Бурнашев пен А.С. Безносиков өздерінің дипломатиялық жазбаларында Оңтүстік Қазақстан жері туралы деректер келтіріп, Бетпақдала шөлінің географиялық аймағын анықтап, алғаш рет Шу өзені мен Мойынқұм шөлін сипаттап, картаға түсірген. Екінші жағынан, Қазақстан территориясын географиялық, тарихи, этнографиялық тұрғыдан зерттеп, оның табиғи ресурстарын айқындап, алғаш рет сипаттаған орыс зиялы қауым өкілдері, белгілі ғалымдар П.П. Семенов Тянь Шанский, Н.А. Северцов, В.В. Радлов, И.В. Мушкетов, А.И. Макшеев және т.б. артында күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпаған іргелі еңбектер қалдырды.

Отарлау үдерісінің күшейе түсуін П.А. Скрыплевтің «Материалы по обследованию переселенческого хозяйства в Туркестанском крае» (1909) атты монографиясындағы, мәселен, Ресейдегі 1861 жылғы Столыпинның сәтсіз реформасынан кейін кедейшілікке ұшыраған шаруа, қарапайым орыс, украин мужықтары тек Оңтүстік Қазақстанның өзіне қысқа мерзім ішінде 18 губерниясынан бүкіл хутор, деревня болып көтеріліп көшіп келу фактісінен айқын көріп-білуге болады. Бір жағынан, переселендер өз еркімен көшіп келсе, екінші жағынан, Түркістан жерінде әскери борышын өтеп жүрген солдаттар туыстарын шақыртып, көшіріп алған. Сөйтіп, келімсек шаруалар жер таңдауға көшіп, қазақтардың ең шұрайлы, сулы, нулы, бетегелі жерлеріне қоныс теуіп, иемдене бастады. «Түркістан уалаятында қазақ ішінде орнығып жаңадан қала салып отырған карашекпендер көбейді. Жақсы жерлер карашекпенге кетті, қазаққа шөл, қыр дала қалды. Ойлап тұрсақ, қазаққа обал болды. Амал жоқ, қазақтың жеріне тиме дегенмен, жердің алынғаны алынған... Қазақ байғұс жері кеткен соң қалайша күн көреді, тамақ асырауға һәм былайғы елден қалыспай ретке кірмекке керек» [7, 94]. Өз кезегінде бұл қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан, үйлесімді қызмет етіп келген дәстүрлі әлеуметтік-құрылымдық, территориялық бірегейлігін бұзып, күйзеліске ұшыратты.

Жаңа жүйе бойынша ру-тайпалардың атадан балаға мұраға қалдырып, меншік еткен жерлерінің енді шекарасы жаңадан белгіленіп, жаңа әкімшілік-территориялық бөлініс ережелері орнады, ауыл, қыстақтары уез, болыс құрамына енгізілді. Сөйтіп қазақтың ауыл, жайлау, қоныстары ұлттық тілде айшықталған атауларынан айырылып, нөмірлене бастады.

Бұрынғы округтар орнына құрылған уездерді енді тек патшалық өкілдер, ояздар басқарды. Соған байланысты аға сұлтандық жойылып, ел билігі ояздарға көшті. Жаңадан тағайындалған ояздар бұрынғы округке

катысты болыстарды қайтадан бөліске салды. Онда ежелгі рулық бөлініс ескерілмей, бір руға жататын ағайын қоныстары бірнеше болысқа бөлініп кете берді. Мәселен, каракесек руынан тарайтын бұрынғы бір болыс ел камбарларды Абыралы, Темірші болыстарына; жалықпастарды Бөрілі, Дегелең, Жалаулы болыстарына; шаншарларды Қу, Ақбота болыстарына; байбөріні Абыралы, Дегелең болыстарына ажыратып, бөліп тастады. 1875 жылдардан бастап әр болыстың мекен-жайы қағазға хатталып, көрші болыстармен шекара межесі анықталды. Яғни ежелгі рулық негіздегі көші-қон жолдары, өрістері жабылды [8,21].

Ежелгі қазақ қоныстарының ата-бабадан келе жатқан, халықтың рухани, мәдени болмысына сай жасалған табиғи номинация туындысы – атақоныс, атажұрт атауы келмеске кетіп, санадан өшіріліп, жансыз «мылқау, саңырау» нөмірлерге ауыстырылды. Бұл отарлау саясатының қазақ даласына әкелген үлкен рухани зұлматының бірі болатын. Ғалым А.Жартыбаев өзінің диссертациялық жұмысында 1887 жылы Қарқаралы уезіндегі 20 болыс нөмірлі ауылға бөлініп, әр ауылда 100-ден 200-ге тарта отбасы, шаңырақ болғандығын көрсетеді. Қарқаралы уезінің 20 болысының ішінен төрт болысты бөліп алып, кесте түрінде нөмірленген ауылдардың тізімін түгел келтірген [8].

Дәстүрлі өрісінен, жайлауынан, атақоныстарынан айырылған қазақтың кеңістік пен уақыттық континуумда өзін-өзі үйлесімді реттеп отырған әлеуметтік құрылымдық институттары күйреп, халықтың өзі үлкен рухани дағдарыс пен күйзелісті басынан кешті. Бұл ұлттық санаға түскен үлкен қаяудың, «дерттің» басы еді. Яғни отарлаудың «қатты соққысын» бірінші көтерген төлтума топонимдік жүйе болды, өз кезегінде бұл ұлттық санаға, ұлттық бірегейлікке ойсырата тиген соққы еді. Сөйтіп ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай келе жатқан ұлттық топонимдік жүйеміздің тұтастығын ыдыратуға Ресей патшалығының «қосқан үлесін» ұлттық сананың қалыптасуына, эволюциялық дамуына жасаған кері ықпалы ретінде бағалаймыз.

Отаршылдықпен байланысты келген атаулар негізінен елді мекен атаулары – ойконимиялық жүйеде орын алды. Ал ірі физика-географиялық нысаналар: тау, өзен, көл атаулары өзгеріссіз қалды деуге болады. Дегенмен, Солтүстік Қазақстан облысы жеріндегі 4 мыңға жуық көлдің едәуір бөлігі (жартысына жақыны) әлі күнге дейін орыс тіліндегі атауларға ие.

Тарихқа әрі қарай тереңдей бермей, отаршылдық мазмұндағы атаулардың сипатына келетін болсақ, оларды бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Романовтар әулеті мүшелерінің, князь, ханзада, ханшайым есімдерінен қойылған атаулар: *Петропавловск, Софиевка, Верный, Александрова, Павлодар*, т.б.;
 2. Ресей империясына қызмет еткен, отарлау саясатын жүзеге асыруға атсалысқан орыс генералдары, генерал-губернаторы фамилияларынан қойылған атаулар: *Қолпаковский, Черняев, Ванновский, Перовский*, т.б.;
 3. Қазақ жеріне көшіп келген қоныстанушы орыс мұжықтары мен атамандарының фамилия, есімдерінен қойылған ойконимдер: *Корниловка, Андреевка, Алексеевка, Самсоновка, Қостаниновка*, т.б.;
 4. Бұрынғы Ресей жеріндегі өз қоныстарының атын қою, олардың алдына *ново-, велико-* сөзін қосып не қоспай ат қою да етек алды. Бұларды *келтірінді атаулар* «миграционные топонимы» дейміз: *Новониколаевск, Рязановка, Полтавка, Новомосковское, Самарское, Донецкое, Ростовское, Черниговка, Архангельское*, т.б.;
 5. Қазақ атауларын тікелей калькалау арқылы атау жасау да басым болды: *Ақсу – Белые Воды, Беловодск, Қарасу – Черноводск, Көкшетау – Синегорье, Шортанды – Щучье, Шәтпикөл – Сенокосное, Бесмола – Пятигорское, Ақжар – Белоярск*, т.б.;
 6. Қазақ тіліндегі атауларға *-во, -ское, -ое, -ая, -ий* т.б. орыс аффикстерін жалғау арқылы орысшалау үрдісі де орын алды: Олар: *Нурбаевск, Бекетайский, Ерментауский*, т.б.
 7. Христиан дінің уағыздайтын діни мейрамдар, әулиелер атауларынан қойылған ойконимдер: *Вознесеновка, Покровск, Троицкое, Новотроицкое, Воскресенское, Рождественское, Крестовское, Преображенское, Благовещенка, Богородское*, т.б.;
 8. Қоныстанған орыс селениелерінің табиғи ерекшелігіне қарай орысша номинациялау: *Березовка, Малиновка, Крутойарск, Многоводное, Тихогорское, Раздольное, Верхнешишимское, Приреченск*, т.б.
- Байқап отырсақ, орыс тілінің ықпалы ұлттың тілдік, топонимдік санасында тек тілдік деңгейлерінде (фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) ғана емес, мәдени, рухани, идеологиялық деңгейлерде де көрініс тапқан. Өзге мәдениеттің құндылықтары мен стереотиптері зорлықпен танылып, қазақтың ұлттық санасына күштеп ендірілген. Сөйтіп, ғасырлар бойы қалыптасқан топонимдік таным-білімдердің табиғи жүйесі бұзылып, дәстүрлі даму тоқырауға ұшырады, ұлттық танымның ойранын шығарды. Христиан дініне қатысты атаулардың қалыптасуы, шоқындыру, орыстандыру әрекеттері

рухсыздандыруға, менталитетті ұлтсыздандыруға бағытталғаны, яғни Ресей империясының отарлау саясаты қайткенде де ұлттық болмысты жойып, оның тамырына балта шабу мақсатын көздегендігі тарихи факті.

Е.Керімбаев отаршылдық мазмұндағы топонимдер жөнінде былай ой өрбітеді: «Характерной особенностью колониальной топонимии являлось то, что на территории колоний появлялись географические названия в результате официальных переименований, исходящих от государственно-правовых институтов и потому несущих в себе печать официальной идеологии и политики правящих классов. Государство на основе волюнтаристских актов «высочайших повелений, указов» стремилось «обновить» национальную народную топонимию, нарушить сложившуюся в течение тысячелетий картину жизни и истории аборигенного населения, каковым в сущности является национальная топонимия» [9,38]. Бұл атаулар Ресейден жер аударған орыс мұжықтарының фамилияларынан, есімдерінен қойылған ойконимдер Қазақстан картасында 100 жылдай өмір сүрді десе болады. Себебі, КСРО аумағында қайта құру кезеңі басталып кеткенімен, Кеңес Одағы республикаларының топонимиялық жүйесіндегі жаппай өзгертулер енді басталғалы тұрған сәтте, отаршыл мазмұндағы ойконимдер ұлттық топонимдік кеңістігінің айтарлықтай бөлігін құрап, елді мекен, сельсовет, ауылсовет атауларының орыс фамилия, есімдерінен жасалғандары басым көпшілік бөлігі екендігі сырт көзге бірден көрініп тұрды [10].

Қазақстан территориясында көрсетілген кезеңде шашырап жүрген кейбір антропоойконимдердің жиілігі цифрлар тілімен сөйлетсек, мәселен, *Александровка* – 14 рет, *Антоновка* – 8 рет, *Ивановка* – 15 рет, *Успенка* – 13 рет және т.с.с., ал *ново-*, *новый-* сын есімдерімен келетін елді мекен атаулары 1989 жылы жағдай бойынша еліміздің топонимдік кеңістігінде 188 рет қайталанушы еді.

Дегенмен, ұлттық топонимиядағы Қазан төңкерісі кезеңі келіп жеткенге дейін ескі карта мәліметтері бойынша Қазақстан картасының басым көпшілігін ұлттық негіздегі жер-су атаулары құрайтынын көруге болады. Орыс тілінен енген топонимдер сан жағынан қазақ тілі негізінде жасалған жер-су атауларынан әлдеқайда аз болып, сол топонимдік кеңістіктің ұлттық бет-бейнесін түпкілікті өзгерте алған жоқ. Себебі, орыс тілді топонимдер бір уезд аумағында жүздеп саналса, негізінен микротопонимдік сипаттағы ұлттық негіздегі топонимдер мыңдап саналатын.

Кеңес дәуіріндегі коммунистік идеология негізінде жасалған ойконимдер. XX ғасырда бүкіл әлемдегі саяси күштер мен елдердің саяси-экономикалық, саяси идеологиялық дамуындағы басымдылықтар түбегейлі өзгеріске ұшырап, адамзат өркениетінің құндылықтар жүйесі басқаша

мазмұнға ие болды. Осы екі кереғар полярлық идеологиялық дүниетанымға сүйенген дүниежүзіндегі елдер мен мемлекеттер қарама-қарсы лагерьге қак жарылды. Бұл өзгерістің жаршысы ролін Қазан төңкерісі атқарды. Отаршылдықтың қармағынан әзер босаған қазақ халқы қатігездігі мен озбырлығы асып түсетін большевиктердің тырнағына мықтап ілінді. Ұлттық болмысты рухсыздандыру процесі Ұлы Қазан революциясынан кейін масштабты түрде іске асырыла бастады. Қоғамда болып жатқан барлық кереғар құбылыстар, идеологиялық дағдарыстар міндетті түрде алдымен ұлттың тілінде, оның ішінде ономастикасында көрініс тауып отырды. Осыған байланысты проф. Т.Жанұзақ: «Ономастика (онимдер) белгілі бір тілдегі лексиканың ажырамас бөлігі ретінде қоғам өмірімен тығыз байланысты болады да, тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-экономикалық әрі мәдени-әлеуметтік факторлармен тығыз ұштасып жатады», деп пайымдайды [11]. Шынында да, қоғамдағы өзгерістерге тілдік құрылымдағы ең бір «сергек», кез келген өзгерістерді «елең етіп, жаңалықты қағып алатын» сала сөз мәдениетімен қатар ұлттың Ономастикалық жүйесі, оның ішінде, топонимдік жүйе.

Жаңа орнаған Кеңес үкіметінің географиялық жер атауларына лениндік ұлт саясаты жүргізілгендігі туралы ғалым М. Мырзахметов былай дейді: «Халықтың тілегіне сай, бұрынғы патша сарайындағы императорлар мен ұлы кінәздардың, монархияшыл мемлекет қайраткерлерінің атына қойылған қала, елді мекен, жер-су атауларын түгелдей өзгерту жұмысы алдымен қолға алынды. Бұл беталыс тек ірі топонимикалық атауларды ғана қамтымай, тіпті микротопонимдер мен қалалардағы көше атауларына дейін қалдырмай жаппай жаңарту саясатына алып келді. Себебі жаңа қоғам алдына қойған мақсаты жаңа дүниетаным, жаңа идеология тұрғысынан ескі дүниетаным негізінде қойылған атауларды өзгертуі заңды құбылыс еді. Мысалы, Қазақстандағы патша ағзамдарының құрметіне қойылған ірі қала аттары (*Павлодар, Петропавловск*) өзгеріссіз қала берді. Тіпті, 1923 жылдың өзінде Петропавловск қаласына бұрынғы Қызылжар атауын беру туралы облыстық сессияда арнайы түрде күн тәртібіне қойылып қаралғанымен, қарсылық күшті болып, өзгеріссіз қала берді» [6,76]. Қазақ ономаст ғалымдарының жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, кеңестік кезеңнің атаулар репертуары сол кезеңдегі басым идеология жетегінде болатындығын көреміз.

Зерттеуші Н.Уәли қазақ тілінің дамуының советтік кезеңінің пафостық бастапқы сипатын 1920-30 жылдарға жатқызады да, ойын әрі қарай былай жалғастырады: «Жұртшылыққа белгілі Ұлы Төңкеріс кезінде ұзақ жылдар бойы жинақталған сандық өзгеріс сапалық күйге өтті. Әлеуметтік организмде жаңару мен жаңғырту басталды. Соған сәйкес қоғамдық идеал түбегейлі әрі тез өзгерді. Ескіні қирату, жаңаны жасау, түрі ұлттық, мазмұны социалистік

мәдениет жасау, саяси бостандық, әлеуметтік теңдік, пролетариат билігі төңкеріс кезеңінің ұраны болды» [12,1011].

«Ұлы» төңкерістің қазақ даласына әкелген қасіретті «ұлттық апатынан», қазақ тілінің отаршылдық, тоталитарлық саясатынан ең көп зардап шегіп, құрбандыққа алдымен шалынған саласы да осы ономастика, оның ішінде топонимика болды.

Жүздеген, мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп, өз қызметін қазақ қауымының мүддесіне орай атқарып келген төл жүйе түбегейлі өзгерді. Бұрынғы уез, жайлау, этникалық мекен, ауылдық жүйе жаппай колхоздастыру, ұжымдастыру нәтижесінде мүлдем басқаша әкімшілік-аумақтық сипатқа ие бола бастады. Сол кездегі Қазақстанның барлық аймақтарында бұрынғы ұлттық үрдістегі сан мыңдаған микропонимдер жұтылып, орнына жүздеген, мыңдаған ірілі-ұсақты колхоз, артельдер аты дүниеге келді. Олардың бұрынғы табиғи аталым нәтижесінде туындаған, жер бедерін, табиғи ерекшелікті білдіретін ұлттық мазмұндағы атаулардың орнына өте-мөте пролетарлық-большевиктік рухта жасалған атаулармен ауыстырылып, ұлттық аталым дәстүрінің тамырына балта шабылды. Мысалы, сол тарихи кезең реалийлеріне, замана талабына сай, ойконимия саласында жүргізілген лениндік саясаттың нәтижесінде *Батрак, Большевик, Кедей, Жаңа шаруа, Қызыл Орақ, Бейнеткеш, Бейнетқор, Түзеу, Полезный труд, Шаруатеңеу, Жұмыскер, Жалшы, Құрама, Ұйымшыл* т.б. сынды кедей-шаруаларды біріктіретін колхоз, артельдердің семантикалық тұрғыдан жұтаң да қарапайым бейұлттық мазмұндағы атаулары Қазақстан аумағында және өзге бұрынғы одақтық республикаларында да жүздеп, мыңдап жаңадан пайда болды.

Советтік кезеңдегі тілдік жүйедегі пафостық сипат, мәселен 1930-50 жылдары төмендегідей болды: «...Мәдени революция жеңістерін баянды ету, социализм жауларын әшкерелеу, ұлы көсемге табыну болды.[...] Тіл саясаты мақсаттың құралына айналды: араб жазуын латынға, одан кейін кирилшеге көшіру, терминдерді орыс орфографиясының нормасы бойынша жазу, т.б. болса, 1950-1960 жж. жеке басқа табыну, әміршілдік жүйені нығайту, мазмұны социалистік мәдениеттің ұлттық бет-бейнесін жоюға бағытталды...» [12, 11]. Аталмыш кезеңдердегі пафостық белгілер ұлттық топонимия жүйесінде мейлінше «толық» көрініс тапты. Бұл тарихи кезең жер-су атаулары, әсіресе, ойконимдік жүйе репертуарының қомақты бөлшегін әлемдік пролетариат көсемдері мен большевиктік партия қайраткерлерінің, Қызыл әскер қолбасшылары есімдері: *К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И. Ленин, И.В. Сталин, Калинин, Киров, Молотов, Ногин, Орджоникидзе, Буденный, Чапаев, Дзержинский* және т.б. көптеген меморативтік сипаттағы атаулар

құрады. Жер-су атаулары Орталықтың (Мәскеудің) бұйрық, әміріне сай реттестіріліп, қаулы, қарарлармен өзгертіліп отырды. Тоталитарлық саясат идеологиясының пафостық атауларына социализм мен коммунизмнің «жарқын» болашағын көксеген, аянбай тер төгіп еңбек етуге үндейтін ұран тектес сан жағынан орасан көп орыс, қазақ тілдеріндегі ойконимдік қабатты жатқызуға болады. Мысалы: *Коммунизм таңы, Заря Коммунизма, Бірлік, Алғабас, Кызылту, Коминтерн, Заря Востока, Жаңа өмір, Новый мир, Талапты, Соцқоғам, Бостандық, Азаттық, Заветы Ильича, Путь Ильича* сынды атаулар және коммунистік партия мен комсомолдың кезекті съезіне арналған (*КПСС XXII съезі, 23,24,25 съезі* немесе *ВЛКСМ съездері* т.б. атындағы) елді мекен атаулары Қазақстанның барлық өлкесінде жүздеп, ал Одақ көлемінде мыңдап тираждалғандығы белгілі.

Түптеп келгенде, қазақ атауларының негізіндегі табиғи номинацияны коммунистік идеология мен жасанды номинация құрбаны ету нәтижесінде ұлттық топонимдік кеңістіктегі атаулардың үштен бірі идеологиялық сипаттағы, тоталитарлық мазмұндағы атаулармен алмастырылды.

Сол кездегі Қазақстан жеріндегі барша географиялық атауларды жинақтап, жүйелеп, карта, анықтағыш түрінде жазып, таңбалаған мамандардың басым көпшілігі орыс тілді топограф, картограф, геодезистер болғанын ескерсек, төл атауларымыз орыс графикасына сай төл жазудан өте-мөте алшақ, жобамен, қатты бұрмаланып жазылғанын да атап өткен орынды. Соның табынан ұлттық ономастикамыз әлі күнге дейін арыла алмай келеді.

1954 жылы КПСС Орталық Комитеті бұйрығымен Қазақстан жерінде тың игеру науқаны басталды. Бұл кезең ұлттық топонимиямызды славян тектес атаулармен, сан жағынан жат тілдік топонимдік материалмен орасан зор «байытты» десек болады. Бұрыннан келе жатқан байырғы атаулар орыс тілді атаулармен алмастырылды. Сондай-ақ бұрыннан атауы жоқ не ұмыт болған, жаңа игерілген жерлерге тың игерушілер поселкелері бой көтеріп, олар жүздеген орыс тілді ойконимдік атауларға ие болды. Мұның сыртында Ресей мен Украинаның түрлі облыстық аймақтарынан жер аударылып көшіп келген тың игерушілер өздерінің «тарихи» отанының атауларын қоса әкеліп, келтірінді атаулар арқылы ұлттық ойконимдік жүйедегі славян, орыс тектес атаулардың сандық үлесін күрт өсіріп жіберді. Мысалы, *Киевка, Донской, Саратовка, Полтавка* т.б. Бұл үрдістен де топонимиямыз әлі күнге толық арыла алмай келеді.

Революцияға дейінгі, кейінгі және тәуелсіздік алғанға дейінгі картографиялық өнімдер мен түрлі әкімшілік-территориялық, топонимдік анықтағыштардағы орын алған бұрмалаулар нәтижесінде Қазақстан картасында *дүбәраланған атаулар* мыңдап кездеседі. Яғни ту баста қазақ

тіліндегі атауларды орыс тіліне қате транскрипцияланған және кейін оны кейбір «мамандар» қазақыландыру мақсатымен кері ретранскрипциялау нәтижесінде не қазақша емес, не орысша емес «дүбәра», «жаңа қазақша» атаулар пайда болады. Мысалы, *Дербісәлі* атауы бір кезде *Деринсал* болып транскрипцияланса, ал кері ретранскрипциялаудың нәтижесінде *Деринсал* атауы пайда болады, сондай-ақ *Сулыкесік*, *Сулукесик* - *Сұлукесік*, *Үйреkkөл*, *Юраккуль* - *Жүреkkөл*, т.б. Осы сипаттағы жүздеген атауларды Қазақстан картасынан күні бүгін де кездестіруге болады.

Бұл жөнінде академик Ә. Қайдар мен профессор Т.Жанұзақов күйіне отырып былай сөз етеді: «Қазақстан картасындағы «жаңа типтегі» кейбір географиялық атаулардың халықтың намысына тиетін, зығырданын қайнататын тағы бір себебі бар. Ол қазақтың байырғы атауларын орысшаға толық не жартылай аударып немесе орыс тілі «мәнеріне» салып өзгертіп қолдануға байланысты. Бұл да ономастика мәдениетіміздегі дауасы табылмай келе жатқан қасірет. Қай заманда, қай елде өз жерінің атауларын өзге тілге аударып қолданғанын көрдіңіздер?» [5,153].

Сөйтіп, қоғамдық өмірдің барлық деңгейінде (мәдениет, өнер, тіл, ғылым, экономика, т.б.) үстемдік құрған коммунистердің әміршілдік саясаты халықтың этникалық, ұлттық бірегейлігінің басты белгісі мен алғышарттары болып табылатын жер-су атаулар жүйесінде айқын көрініс тапты. Ғасырлар бойы қалыптасқан, ата-бабаларымыз ат қойып төл тілімізде таңбаланған атаулар аяусыз өзгеріске ұшырады, басым көпшілігі мүлдем жойылса, қалған атауларымыз орасан зор бұрмаланды.

Осындай өзгерістер халықтың рухани мұрасы, тарихи жады жинақталған ұлттық сипаттағы мыңдаған топонимдердің жойылуына әкеліп соқты.

Тәуелсіздік кезеңдегі Қазақстан топонимдік кеңістігіндегі жағдаят. Еліміз егемендікке ие болып, тәуелсіздік туын тігуі және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы Қазақстан жер-су атаулар жүйесінің де ұлттық сипатқа қайта орала бастауына түрткі болды. Ұлттық сананың жаңғыруы қазақ халқының мәдени, әлеуметтік өмірінің барлық салаларында көрініс тауып, ұлттық құндылықтарды жаңғырту рухани болмысты жандандырды.

Президент Н.Назарбаев былай дейді: «Қазақтар – ұлы өркениеттердің мұрагерлері тарихтың сан-сапалық күз-қияларынан өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиеттерін алып шыға алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп жаңғырта да білді » [13,23].

Ономастика саласында жаңаша бетбұрысқа мұрындық болған қазіргі Қазақстан Республикасындағы елді мекен атауларын өзгертудің, реттеудің,

қалпына келтірудің ең алғаш Тұжырымдама жобасын академик Ә.Қайдаров мен профессор Т.Жанұзақов жасап, баспасөз бетінде жариялады, қоғамдық пікір тудырып, осы саладағы істің айтулы бастамасы болды. 1990 жылдың 20 сәуірінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен Қазақстан Үкіметі жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссия құрылды. Осы қаулыдан соң Ә.Қайдар мен Т.Жанұзақовтың «ҚазКСР-індегі мемлекеттік және әкімшілік-территориялық бірліктердің атауларын реттеудің, елді мекендердің аттарын өзгерту және тарихи, географиялық атауларын қалпына келтірудің Тұжырымдамасы» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурызда №281 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы кәсіп орындарды, ұйымдарды, мекемелерді, теміржол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың транскрипциясын өзгертудің Тәртібі» республиканың барлық деңгейдегі ономастикалық комиссиялардың жұмыстарында басшылыққа алынды.

Бұл Тұжырымдамада: «Қазақстан халқының географиялық атауларын қалпына келтіруді реттеу, қайтадан өзгерту, елді мекен атауларын қалпына келтіру жөніндегі өскелең талаптарын, сондай-ақ республикадағы мемлекеттік және әкімшілік-территориялық объектілердің айтылуындағы ономастиканың тарихи, лингвистикалық және ғылыми принциптерінің елеулі түрде бұзылғандығын ескере келіп, Қазақ КСР Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия қазақтың ежелгі тарихи, географиялық объектілерінің аттарын заңсыз және орынсыз өзгертуді жою, республика территориясында әр атаудың көп қайталануын реттеу, олардың қазақша жазылуы мен орысша транскрипциялануын бірізге түсіру мәселесін қарауды қажет деп санайды», - делінген және оның баптары мен тармақтары алғаш рет елді мекендерге жеке тұлғалардың есімдерін бермеу, бір әкімшілік бөлініс шеңберінде үш реттен артық қайталанбауын және т.б. регламенттейтін бағдарламалы құжат болды.

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңі, яғни 90-шы жылдары бүкіл Қазақстан аймақтарында тарихи әділеттілікті қайтару мақсатында ондаған ірі елді мекен, облыстық орталық, ірі қалалар мен жүздеген, мыңдаған кент, ауылдар мен аудан, ауылдық округ атаулары өзгертілді, кейбіреуінің бұрынғы тарихи атаулары қалпына келтірілді, мысалы, *Гурьев – Атырау, Шевченко–Ақтау*, т.б. Сондай-ақ, бұрмаланып жазылып жүрген атаулардың орысша транскрипциялары түзетілді, мысалы, *Кокшетау*– (Кокчетав емес), *Бурабай* (Боровое емес), *Шымкент* (Чимкент емес), *Жетысай* (Джетысай емес), *Шортанды* (Щучье емес), *Бозашы* (Бузачи емес), *Талдықорған* (Талды-Курган емес), *Кызылорда* (Кзыл-Орда емес), *Алматы* (Алма-Ата емес) және т.б. Мемлекеттік, облыстық, жергілікті ономастикалық комиссиялардың

жүргізген қыруар жұмыстарының арқасында мыңдаған бұрмаланған атаулардың ұлттық үрдіске сай орфографиясы түзетілді, мысалы, *Аблакетка – Абылайкеткен, Калагир– Құлаайғыр, Чурбай–Нура Шерубай–Нұра, Ктай Ақтай*, т.б.

Республикада тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1991-2005 жылдар аралығында үш облыс, 12 қала, 53 аудан орталығы, 43 теміржол стансалары, сондай-ақ 957 шағын елді мекен атаулары өзгертілді. Елді мекен атауларын өзгерту жұмысы Қазақстанның барлық аймақтарында ешбір кедергісіз, бір деңгейде, біркелкі жүргізілді деуге келмейді. Егер еліміздің оңтүстік аймақтарында жер-су атауларын ұлттық үрдіске сай өзгерту жұмысы қызу қарқынмен жүрсе, қазағы аз солтүстік және шығыс аймақтарда осы 14 жыл ішінде бұрмаланған атаулардың 30 пайызы ғана өзгертілген.

Бастапқы кезеңде науқаншылдық сипатта өткен қисапсыз орынды-орынсыз өзгертулер уақыт өте келе саябырсып, сабасына түсті десе болады. Енді жергілікті жерде әрбір өзгерту алдында ономастикалық комиссиялар жан-жақты сараптама жұмыстарын атқарып, бұл маңызды іске асқан жауапкершілікпен мұқият қарауы тиіс.

ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің деректері бойынша тәуелсіздік алған жылдардан бері Республикамыздың жер-жерінде көптеген тарихи атаулар қайтарылып, бұрмаланған атаулар қалпына келтірілді. 1991 жылдан бері Үкімет жанындағы Мемлекеттік Ономастикалық комиссия шешімімен әкімшілік-аумақтық бірліктерге ат қою және олардың атын өзгертуге, атаулардың транскрипциясын нақтылау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 5 облыстың, 13 қаланың, 54 ауданның, 7 қалалық ауданның, 119 темір жол стансасы мен бекеттерінің атаулары өзгертіліп, 6 облыстың, 12 қала, 14 аудан, 76 темір жол стансасы мен бекеттерінің, 40-тан астам елді мекен атауларының орыс тіліндегі транскрипциясы нақтыланған. Сондай-ақ 1999 жылға дейін 641 елді мекен, білім, мәдениет т.б. объекті атаулары өзгертілсе, 2000-2009 жж. аралығында 1221 елді мекен, 951 білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау ұйымдары, т.б. аттары жаңғыртылды.

Бұл ақпарат тек Республика көлемінде Мемлекеттік Ономастикалық комиссия деңгейінде болған өзгерістерге қатысты, ал облыстық, қалалық жергілікті деңгейде өзгертіліп, бекітілген шағын елді мекен, көше, білім және мәдениет ошақтарының саны мыңдап саналады деуге болады.

Соңғы екі жылдан бері кез келген объектілерді атауға және қайта атауға мораторий жариялануына байланысты атауларды өзгерту ісі шектеліп келді. Мысалы, ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы №1138 «2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы туралы»

қаулысының 3-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар 2008 жылғы 1 шілде 2009 жылғы 1 сәуір аралығында әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру, тарату мен қайта құру және көшелерді қайта атау туралы ұсыныстарды енгізбеу жөнінде шешім қабылдаған болатын.

**Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының ұйғарымына сәйкес атаулары өзгертілген және қайта аталған әкімшілік-аумақтық бірліктер мен білім, мәдениет және басқа да объектілерді атау мен қайта атауға байланысты ақпараты
(2000-2009)**

Р / н	Жылдар	Облыс (оның ішінде транскрипциясы өзгергені жақшада)	Қала (оның ішінде транскрипциясы өзгергені жақшада)	Аудан (оның ішінде транскрипциясы өзгергені жақшада)	Елді мекендер (ауыл мен ауылдық округ) және басқа құрамдас объектілер	Білім, мәдениет және басқа да объектілер
I.	1999 жылға дейін	5(6)	13(13)	48(11)	641	450
2.	1999	-	-	1	91	45
3.	2000	-	-	2(2)	71	203
4.	2001	-	-	(1)	113 (2)	71
5.	2002	-	1	2	33	18
6.	2003	-	-	-	22	78
7.	2004	-	-	-	37	-
8.	2005	-	-	-	62	28
9.	2006	-	-	-	52	57
10.	2007	-	(П	-	51	7
11.	2008	-	-	-	48	-
12.	2009	-	-	-	-	-
	Барлығы	5(6)	14(13)	53 (J5)	1221 елді мекен, 119 станса атауы өзгерді және 76 транскрипция- сы түзетілді	957

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы тарапынан да 2000 жылғы 15 қаңтарда облыс, Астана мен Алматы қалаларының әкімдеріне көшелерді, елді мекендерді, объектілерді қайта атауға мораторий жарияланатыны жөнінде арнайы хат жолданды. Осыған орай, «Елімізде Ономастикалық атауларды қайта атау жарияланған мораторийдің мерзімін анықтайтын ұсыныс енгізу туралы» Мемлекеттік хатшының 2009 жылғы 30

қарашада берген №32-23.225 тапсырмасына сәйкес мораторийді 2010 жылдың 1 наурызында аяқтау ұсынылды.

Сондықтан алдағы уақытта да Қазақстанның топонимдік кеңістігінде әлі жүзден саналатын отаршылдық, кеңестік-тоталитарлық мазмұндағы атауларды ұлттық мазмұндағы атауларға өзгертілу жұмыстары өз жалғасын табады. Бұған Мемлекеттік Ономастикалық комиссиядан бастап жергілікті әкімшілік, билік орындары үлкен жауапкершілікпен, парасаттылықпен қарап, тиісті шешімдер шығаруы тиіс.

Топонимия саласының ғылыми даму кезеңдері.

1-кезең (1950-1970 жж.). Топонимиканың қазақ тіл біліміндегі ғылыми бағыт ретінде қалыптаса бастауына географ-ғалым Ғ.Қоңқашбаевтың 1948 жылы «Қазақтың халықтық географиялық терминдері» атты тақырыпқа қорғаған кандидаттық диссертациясы мен осы тақырып төңірегінде жазылған көптеген мақалалары ұйытқы болды. Еңбектерінде ғалым географиялық терминдердің шығу, пайда болу жайы, түсінігі, ерекшелік жақтары, моңғол, араб тілдерінен енген атаулардың типтері, халықтық, шаруашылық, тұрмыс жағдайларымен байланысты олардың қалыптасуы сияқты мәселелерді қарастырды.

Географ Ғ.Қоңқашбаевтың осы бастамасы келесі кезекте қазақтың кәсіби лингвист ғалымдарының іргелі еңбектерінде өз жалғасын тапты.

Қазақстан топонимдерін тарихилингвистикалық аспектіде, басқа туыстас тілдермен салыстыра тұңғыш зерттеген А.Әбдірахманов 1955 жылы кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми дәреже алды. Ол осы диссертацияның негізінде 1959 жылы жеке монография жариялады. Автор бұл еңбегінде Қазақстандағы ірі объектілік-географиялық атаулардың ішінен 800-ден аса қала, ауыл, поселке, аудан және темір жол стансаларының атауларына талдау жасады. Автордың ерекше назар аударған мәселелері: топонимдердің жасалуындағы лексика-грамматикалық құбылыстар, топонимдердің лексикалық жүйедегі орны, топонимдерді лексика-семантикалық тұрғыдан классификациялау жұмыстары еді. Көптеген топонимдерге этимологиялық талдау жасап, тіл тарихына қатысты ойларын ортаға салды.

Келесі онжылдықта Ономастикалық зерттеу проблемаларының аясы кеңейе түсіп, топонимия саласындағы ареалдық, аймақтық тұрғыдан зерттеу қарқын ала бастады.

1954 жылдан Т.Жанұзақов қазақ антропонимдері жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 1961 жылы «Личнособственные имена в казахском языке» атты қазақ антропонимдері мәселесіне арналған алғашқы еңбегін жазды.

Байқағанымыздай, ол кездегі және кейінгі кездегі қазақ ономастикасы саласындағы зерттеулердің дені топонимиялық ізденістер. Бұның өзіндік объективтік себептері де жоқ емес. Біріншіден, Қазақстан Ономастикалық кеңістігі сол кездегі ұланғайыр әлемнің алтыдан бір бөлігін құрайтын алып Кеңес Одағы территориясының Ономастикалық жүйесінің бір бөлігі еді.

Қазақстан топонимдерін регионалдық, ареалдық бағытта зерттеген кандидаттық диссертациялар әрбір облыс топонимдерінің шығу, пайда болу, даму жолдарын анықтау, олардың лексика-семантикалық, хронологиялық топтарын, лексика-фономорфологиялық құрылымдарын сипаттау тәрізді мәселелерге арналған. Е.Қойшыбаевтың «Жетісу топонимдерінің негізгі типтері» (1967), В.Н. Попованың «Павлодар облысының гидронимдері» (1966), О.А. Сұлтаняевтың «Көкшетау облысының топонимдері» атты кандидаттық диссертациялары бірінен соң бірі қорғалды.

Осы кезеңде қазақ ономастикасы ғылыми теориялық, фактологиялық мол материалмен байытқан, бұрын-соңды зерттелмеген тың лексикалық қабат есімдер жүйесіне арналған Т.Жанұзақовтың қос еңбегі жарық көрді, олар: «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» (1965) және «Қазақ есімдерінің тарихы» (1971).

Алпысыншы жылдарда Одақ көлемінде «топонимиялық бум» кезеңі болды десек артық айтқандық емес, яғни ғылыми орталықтарда жер-су атауларын зерттеу жұмысы асқан ыждағаттықпен қолға алынып, ұлттық Ономастикалық мектептер қалыптаса бастаған еді. Мәскеу, Томск, Киев, Донецк, Самарқан, т.б. көптеген ғылыми орталықтарда экспедициялар ұйымдастырылып, Ономастикалық топтама-жинақтар шығарыла бастады. Кеңес көлемінде Ономастикалық жұмыстарды атқаруға ортақ үлес қосқан белгілі орыс зерттеушілерінен В.Н. Топоров, О.Н. Трубачев, Н.И. Толстой, А.И. Попов, В.А. Никонов, А.К. Матвеев, А.П. Дульзон, т.б. есімдерін атауға болады.

Бұл кезең одақтық ономастикада топонимиканы лингвистер, географтар, тарихшылар мен этнографтардың әрқайсысының өзіне қарай тартуы, әр сала маманы өз саласының әдіс-тәсілін тиімді деп санауы жөніндегі пікірталас, кереғар көзқарастар оның (топонимиканың) ғылыми сала, пән ретіндегі мәртебесін толық айқындап бере алған жоқ. Лингвистер тарапынан топонимияны тіл, тарих, география ғылымдарының түйісіндегі ерекше сала деген ой-түйін айтылды.

Дегенмен, теориялық топонимиканың лингвистикалық сипаттағы ерекше пән ретінде қолдау таппауымен қатар ономастиканың үлкен «кұрлықтық» лингвистиканың проблемалық аясын кеңейтіп, жалпы тіл теориясына қосар үлесінің қомақты боларын мойындағандар да баршылық

еді. Поляк ғалымы В.Ташицкий кезінде алдын ала болжағандай: «Лингвистиканың келешекте дамуы, оның аумағының кеңеюі көбіне Ономастикалық зерттеулерге тікелей байланысты» десе, А.А. Реформатский: «Ономастиканы тек тілші ғана зерттеп қоймай, тарихшы, географтар да зерттеп, шұғылдану керек. Географтар географиялық комментарий жасаса, лингвистер тілдік тұрғыда түсіндіріп талдайды, тарихшылар интерпретация жасап, тарихқа қолданады» дегенді айтқан.

Қазақ ғалымдарының бұл кезеңдегі жұмыстарында топонимиканың ғылыми әдістемелік аппараты жасала бастады. Ең бастысы, қазақ елінің жер-су атаулары, оның ішінде тарихи атаулары да жинақталып, ғылыми жүйеге түсіріліп, инвентаризациялана бастады, яғни

- 1) кейбір көне жер-су атаулары фрагментарлы түрде этимологиялық тұрғыдан талданды;
 - 2) онимдердің құрылымдық модельдері сипатталып, онимжасаушылық, сөзжасамдық негіздері саралана бастады;
 - 3) топоним жасауға қатысатын реликтілік түбір, форманттарды реконструкциялауға ұмтылыстар жасалды;
 - 4) ономастикалық зерттеулерде тарихи-салыстырмалы, типологиялық әдістер қолданыла бастады;
 - 5) ономастикалық бірліктердің мазмұндық жағына, оның ішінде сол бірліктерді тақырыптық топтарға біріктіру жұмыстары қолға алына бастады;
- б)Т.Жанұзақовтың, А.Әбдірахмановтың, О.Сұлтанияевтің, Е.Қойшыбаевтың зерттеулерінде қазақ жер-су атаулар халықтың тарихы мен мәдениеті, этнографиясымен байланыста қарастырыла бастады.

Алайда сол кездегі Одақ көлемінде жүргізілген Ономастикалық зерттеулерді қамтыған ғылыми-теориялық проблемалар аясын, оны шешудің әдістемелік деңгейін, ал қазақ ғалымдарының зерттеулері де кеңестік ономастиканың теориялық, әдістемелік жетістіктеріне сүйенгендігін ескерсек, қазақ тіл білімінде ономастика саласы ғылыми бағыт ретінде бой көтеріп, орныға бастағандығын байқауға болады.

2-кезең (1970-1990 жж.) 1971 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының жарлығымен Тіл білімі институтында ономастика бөлімі ашылып, бөлім қызметкерлері А.Әбдірахманов 1975 жылы «Топонимика және этимология» атты еңбек шығарды. Е.Қойшыбаевтың «Краткий толковый словарь топонимии Казахстана» (1974) атты сөздігі, А.Әбдірахмановтың «Қазақстан этнотопонимикасы» (1979) атты жаңа кітабы жарық көрді. Сондай-ақ О.Сұлтанияевтің «Понятные непонятности» атты оқу құралын (1973) және сол жылдары мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген көптеген

жарияланымдарды ұлттық топонимияның дамуына тілдік, тарихи-деректік тұрғыдан қосқан үлес деп бағалауға болады.

Қазақ ономастикасының осы кезеңдегі үлкен жетістігі ол қолданбалы ономастика, топонимиканы стандарттау, транскрипциялау мәселесі біршама ғылыми шешімін тапқандығымен ерекшеленеді.

1959 жылы ҚазССР Ғылым академиясы Тіл білімі және әдебиет институтының қатысуымен Мәскеудегі профессор Донидзенің жетекшілігімен «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» атты кітапша жарық көрді. Бұл нұсқаулық Тіл білімі институты мамандарының күшімен 1971 жылы қайта қаралып, толықтырылып екінші рет басылып шықты.

Республикадағы Ономастикалық жұмыстарды жүргізуде басты құрал болған осы нұсқаулықты 2000 жылы, тәуелсіздік алғаннан кейін көптеген өзгеріс, толықтырулар мен қайта шығарылуына ҚР Мәдениет министрлігінің Тілдерді дамыту департаменті мұрындық болғаны мәлім.

Қазақ ономастикасының негізгі бөлімдерін қамти зерттеген кешенді сипаттағы тұңғыш еңбек Т.Жанұзақовтың «Очерк казахской ономастики» атты монографиясы (1982) топонимикамыздың қалыптасу тарихының екінші кезеңіне өзіндік үлес болып қосылды.

Тіл білімі институты мамандары әр жылдары республиканың орталық, батыс өңірлеріне арнайы ұйымдастырылған кешенді, ұзақ мерзімді экспедицияда болып, топонимиялық аса құнды материалдар жинап қайтты. Ежелгі түркі жазба ескерткіші ономастикасын зерттеуге арналған В.Махпировтың «Собственные имена в памятнике X в. «Дивану лугат-ат-турк» Махмуда Кашгарского» атты кандидаттық диссертациясының қорғалуы да (1980) осы кезге тура келді.

Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

4- бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс- қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

5-бап. Орыс тілін қолдану

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

6- бап. Мемлекеттің тіл жөніндегі қамқорлығы

Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды.

Ұлттық топтар жинақты тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері пайдаланылуы мүмкін.

7- бап. Тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермеу

Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

2 тарау. ТІЛ - МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР МЕН ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНДА

8- бап. Тілдердің қолданылуы

Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және ісқағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.

9-бап. Мемлекеттік органдар актілерінің тілі

Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

10 -бап. Құжаттама жүргізу тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі.

11-бап. Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі.

12- бап. Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарындағы тіл

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, сондай-ақ әскери және әскерилендірілген құрамалардың барлық түрінде, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, азаматтарды құқықтық қорғау ұйымдарында және құқық қорғау

органдарында мемлекеттік тілдің және орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі.

13-бап. Сот ісін жүргізу тілі

Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

14-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу тілі

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер мемлекеттік тілде, ал қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде жүргізіледі.

15-бап. Мәмілелер тілі

Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың жазбаша нысанда жасалатын барлық мәмілелері қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасы қоса беріліп, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады.

Шетелдік жеке және заңды тұлғалармен жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер мемлекеттік тілде және тараптар үшін қолайлы тілде жазылады.

3 тарау. ТІЛ - БІЛІМ БЕРУ, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДА

16-бап. Тіл - білім беру саласында

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілде, ал ұлт топтары жинақы тұратын жерлерде солардың тілдерінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі балалар мекемелерін құру қамтамасыз етіледі.

Балалар үйлерінде және оларға теңестірілген ұйымдарда оқыту, тәрбие беру тілін жергілікті атқарушы органдар олардағы балалардың ұлттық құрамын ескере отырып белгілейді.

Қазақстан Республикасы орта, арнаулы орта және жоғары білімді мемлекеттік тілде, орыс тілінде, ал қажетіне қарай және мүмкіндігі болған жағдайда басқа да тілдерде алуды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік те, мемлекеттік емес оқу орындарында мемлекеттік тіл мен орыс тілі міндетті оқу пәні болып табылады және білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді.

17-бап. Тіл - ғылым және мәдениет саласында

Қазақстан Республикасында ғылым саласында, диссертацияларды ресімдеу мен қорғауды қоса алғанда, мемлекеттік тіл мен орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі.

Мәдени шаралар мемлекеттік тілде және қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жүргізіледі.

18-бап. Баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі

Қазақстан Республикасы баспа басылымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің, басқа да тілдердің қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы мақсатында, олардың меншік нысанына қарамастан, телерадио арналары арқылы берілетін мемлекеттік тілден хабарлардың көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.

4 тарау. ТІЛ - ЕЛДІМЕКЕН АТАУЛАРЫНДА, ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДЕ, КӨРНЕКІ АҚПАРАТТА

19- бап. Топонимикалық атауларды, ұйымдардың атауларын пайдалану тәртібі

Елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атаулары басқа тілдерде транслитерация ережелеріне сәйкес берілуге тиіс.

Мемлекеттік ұйымдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі. Бірлескен, шетелдік ұйымдардың атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде транслитерация арқылы беріледі.

20- бап. Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін жазу

Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазу Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік -құқықтық актілеріне сәйкес келуге тиіс.

21- бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі

Мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларының мәтінде олардың атаулары мемлекеттік тілде жазылады.

Меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың мөрлерінің, мөртаңбаларының мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады.

Бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прејскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде жазылады.

Қазақстанда өндірілетін тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмаларында (этикеткаларында), таңбаламаларында, нұсқаулықтарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде қажетті ақпарат болуға тиіс.

Шетелде өндірілген тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмалары (этикеткалары), таңбаламалары, нұсқаулықтары

импорттаушы ұйымдардың қаражаты есебінен мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі аудармасымен қамтамасыз етіледі.

Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол ағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағында немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда карт өлшемі нормативтік- құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде беріледі.

22-бап. Почта-телеграф жөнелтілімдерінің тілі

Почта-телеграф жөнелтілімдері Қазақстан Республикасының шегінде мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде, ал республикадан тыс жерлерге белгіленген халықаралық ережелерге сәйкес жіберіледі.

5 тарау. ТІЛДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

23- бап. Тілді мемлекеттік қорғау

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды.

Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және ісқағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі терминологиялық және ономастикалық комиссияларды және қажет болған жағдайда басқа да құрылымдарды құрады.

24- бап. Тіл туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың, кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен азаматтардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ мемлекеттік тілде және басқа тілдерде қызмет атқаратын салада олардың қолданылуына кез келген кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады.

25 -бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

- 1) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді әзірлейді;
- 3) орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар жасайды, тиісті органдарға Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;
- 5) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;
- 6) терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың қызметін үйлестіреді.

25-1-бап. Ономастикалық комиссияның құзыреті

1. Республикалық ономастикалық комиссияны Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне облыстардың, аудандар мен қалалардың атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар енгізу;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне өз құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар енгізу мақсатында құрады.

2. Облыстық ономастикалық комиссияларды облыстардың жергілікті атқарушы органдары:

1) ауылдардың (селолардың), кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту;

2) облыстың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар дайындау мен енгізу мақсатында құрады.

3. Қалалық ономастикалық комиссияларды:

1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, түйық көшелердің, парктердің, саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу мақсатында құрады;

облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, түйық көшелердің, парктердің, саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу мақсатында құрады.

25-2-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы:

1) тілдерді қолдану мен дамытудың өңірлік бағдарламасын әзірлеп, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

2) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңдарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар жасайды, тиісті органдарға Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асырады;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) ономастикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді.

25-3-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында тілдерді қолдану және дамытудың өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;

3) облыстардың атқарушы органдарына ауылдардың (селолардың), кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді.

26 -бап. 2004. №20. №12, №13-111ҚР Заңымен алып тасталды

6 тарау. ТІЛДІ ШЕТЕЛДЕРМЕН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРМЕН ҚАТЫНАСТАРДА ПАЙДАЛАНУ

27 -бап. Тіл - халықаралық қызметте

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің қызметі мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда басқа да тілдерді пайдаланып жүзеге асырылады.

Екіжақты халықаралық шарттар, әдетте, уағдаласушы тараптардың мемлекеттік тілдерінде жасалады, көпжақты халықаралық шарттар оған қатысушылардың келісімімен белгіленген тілдерде жасалады.

Қазақстан Республикасында басқа мемлекеттер өкілдерімен өткізілетін ресми қабылдаулар мен өзге де шаралар басқа тілдерге аударылып, мемлекеттік тілде жүргізіледі.

ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

от 11 июля 1997 года №151-1

О ЯЗЫКАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

(с изменениями, внесенными Законом РК от 20.12.2004 г. №13-111)

Настоящий Закон устанавливает правовые основы функционирования языков в Республике Казахстан, обязанности государства в создании условий для их изучения и развития, обеспечивает одинаково уважительное отношение ко всем, без исключения, употребляемым в Республике Казахстан языкам.

Глава 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Статья 1. Основные понятия

В настоящем Законе используются следующие понятия:

диаспора - часть народа (этническая общность), проживающая вне страны его исторического происхождения;

ономастика - раздел языкознания, изучающий собственные имена, историю их возникновения и преобразования;

орфография - правописание, система правил, определяющих единообразие способов передачи речи (слов и грамматических форм) на письме;

топонимика - раздел ономастики, изучающий названия географических объектов, закономерности их возникновения, изменения, функционирования;

транслитерация - побуквенная передача текстов и отдельных слов одной графической системы средствами другой графической системы;

терминологическая комиссия - консультативно-совещательный орган, вырабатывающий предложения в области терминологической лексики казахского языка по всем отраслям экономики, науки, техники, культуры;

ономастическая комиссия - консультативно-совещательный орган, вырабатывающий предложения по формированию единого подхода к наименованию и переименованию географических объектов, упорядочению употреблений и учету топонимических названий, восстановлению, сохранению исторических названий как составной части историко-культурного наследия Республики Казахстан;

уполномоченный орган - центральный исполнительный орган, ответственный за реализацию единой государственной политики в сфере развития языков.

Статья 2. Предмет регулирования настоящего Закона

Предметом регулирования настоящего Закона являются общественные отношения, возникающие в связи с употреблением языков в деятельности государственных, негосударственных организаций и органов местного самоуправления.

Настоящий Закон не регламентирует употребление языков в межличностных отношениях и в религиозных объединениях.

Статья 3. Законодательство о языках в Республике Казахстан

Законодательство о языках в Республике Казахстан основывается на **Конституции** Республики Казахстан, состоит из настоящего **Закона**, иных нормативных правовых актов Республики Казахстан, касающихся употребления и развития языков.

Законодательство о языках распространяется на граждан Республики Казахстан, на иностранцев и лиц без гражданства, постоянно проживающих в Республике Казахстан.

Статья 4. Государственный язык Республики Казахстан

Государственным языком Республики Казахстан является казахский язык. Государственный язык - язык государственного управления, Законодательства, судопроизводства и делопроизводства, действующий во всех сферах общественных отношений на всей территории государства.

Долгом каждого гражданина Республики Казахстан является овладение государственным языком, являющимся важнейшим фактором консолидации народа Казахстана.

Правительство, иные государственные, местные представительные и исполнительные органы обязаны:

всемерно развивать государственный язык в Республике Казахстан, укреплять его международный авторитет;

создавать все необходимые организационные, материально-технические условия для свободного и бесплатного овладения государственным языком всеми гражданами Республики Казахстан;

оказывать помощь казахской диаспоре в сохранении и развитии родного языка.

Статья 5. Употребление русского языка

В государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык.

Статья 6. Забота государства о языках

Каждый гражданин Республики Казахстан имеет право на пользование родным языком, на свободный выбор языка общения, воспитания, обучения и творчества.

Государство заботится о создании условий для изучения и развития языков народі Казахстана.

В местах компактного проживания национальных групп при проведении мероприятий могут быть использованы их языки.

Статья 7. Недопустимость препятствования функционированию языков

В Республике Казахстан не допускается ущемление прав граждан по языковому признаку.

Действия должностных лиц, препятствующих функционированию и изучению государственного и других языков, представленных в Казахстане, влекут за собой ответственность в соответствии с **законодательством Республики Казахстан.**

Глава 2. ЯЗЫК В ГОСУДАРСТВЕННЫХ И НЕГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И ОРГАНАХ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ

Статья 8. Употребление языков

Языком работы и делопроизводства государственных органов, организаций и органов местного самоуправления Республики Казахстан является государственный язык, наравне с казахским официально употребляется русский язык. В работе негосударственных организаций используется государственный и, при необходимости, другие языки.

Статья 9. Язык актов государственных органов

Акты государственных органов разрабатываются и принимаются на государственном языке, при необходимости, их разработка может вестись на русском языке с обеспечением, по возможности, перевода на другие языки.

Статья 10. Язык ведения документации

Ведение учетно-статистической, финансовой и технической документации в системе государственных органов, организациях Республики Казахстан, независимо от форм собственности, обеспечивается на государственном и на русском языках.

Статья 11. Язык ответов на обращения граждан

Ответы государственных и негосударственных организаций на обращения граждан и другие документы даются на государственном языке или на языке обращения.

Статья 12. Язык в Вооруженных Силах и правоохранительных органах

В Вооруженных Силах Республики Казахстан, а также во всех видах воинских и военизированных формирований, в организациях

государственного контроля и надзора, правовой защиты граждан и в правоохранительных органах обеспечивается функционирование государственного и русского языков.

Статья 13. Язык судопроизводства

Судопроизводство в Республике Казахстан ведется на государственном языке, а при необходимости, в судопроизводстве наравне с государственным употребляется русский язык или другие языки.

Статья 14. Язык производства по делам об административных правонарушениях

Производство по делам об административных правонарушениях ведется на государственном языке, а при необходимости, и на других языках.

Статья 15. Язык сделок

Все сделки физических и юридических лиц в Республике Казахстан, совершаемые в письменной форме, излагаются на государственном и русском языках с приложением в необходимых случаях перевода на других языках.

Сделки с иностранными физическими и юридическими лицами, совершаемые в письменной форме, излагаются на государственном и на приемлемом для сторон языке.

Глава 3. ЯЗЫК В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ, КУЛЬТУРЫ И СРЕДСТВАХ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

Статья 16. Язык в сфере образования

В Республике Казахстан обеспечивается создание детских дошкольных учреждений, функционирующих на государственном языке, а в местах компактного проживания национальных групп - и на их языках.

Язык обучения, воспитания в детских домах и приравненных к ним организация определяется местными исполнительными органами с учетом национального состава их контингента.

Республика Казахстан обеспечивает получение среднего, среднего специального и высшего образования на государственном, русском, а при необходимости и возможности, и на других языках. Как в государственных, так и в негосударственных учебных заведениях государственный язык и русский язык являются обязательными учебными предметами и входят в перечень дисциплин, включаемых в документ об образовании.

Статья 17. Язык в сфере науки и культуры

В Республике Казахстан в сфере науки, включая оформление и защиту диссертаций, обеспечивается функционирование государственного и русского языков.

Культурные мероприятия проводятся на государственном и, при необходимомTM, на других языках.

Статья 18. Язык печати и средств массовой информации

Республика Казахстан обеспечивает функционирование государственного, других языков в печатных изданиях и средствах массовой информации.

В целях создания необходимой языковой среды и полноценного функционирования государственного языка объем передач по телерадиовещательным каналам, независимо от форм их собственности, на государственном языке по времени не должен быть менее суммарного объема передач на других языках.

Глава 4. ЯЗЫК В НАИМЕНОВАНИЯХ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ, ИМЕНАХ СОБСТВЕННЫХ, ВИЗУАЛЬНОЙ ИНФОРМАЦИИ

Статья 19. Порядок использования топонимических названий, наименований организаций

Традиционные, исторически сложившиеся казахские названия населенных пунктов, улиц, площадей, а также других физико-географических объектов на других языках должны воспроизводиться согласно правилам транслитерации.

Наименования государственных организаций, их структурных подразделений даются на государственном и русском языках. Наименования совместных, иностранных организаций - с транслитерацией на государственном и русском языках.

Статья 20. Написание личных имен, отчеств и фамилий

Написание личных имен, отчеств, фамилий в официальных документах должно соответствовать законодательству и нормативным правовым актам Республики Казахстан.

Статья 21. Язык реквизитов и визуальной информации

Тексты печатей и штампов государственных органов содержат их названия на государственном языке.

Тексты печатей, штампов организаций, независимо от форм собственности, составляются на государственном и русском языках.

Бланки, вывески, объявления, реклама, прейскуранты, ценники, другая визуальная информация излагаются на государственном и русском, а при необходимости, и на других языках.

Товарные ярлыки (этикетки) со специальными сведениями, маркировки, инструкции к товарам, производимым в Казахстане, должны содержать необходимую информацию на государственном и русском языках.

Товарные ярлыки (этикетки) - со специальными сведениями, маркировки, инструкции к товарам зарубежного производства обеспечиваются переводом на государственный и русский языки за счет средств импортирующих организаций.

Все тексты визуальной информации располагаются в следующем порядке: слева или сверху - на государственном, справа или снизу - на русском языках, пишутся одинаковыми по размеру буквами. По мере необходимости тексты визуальной информации могут быть приведены дополнительно и на других языках. При этом размеры шрифта не должны превышать установленных нормативными правовыми актами требований. Устная информация, объявления, реклама даются на государственном, русском и, при необходимости, на других языках.

Статья 22. Язык почтово-телеграфных отправок

Почтово-телеграфные отправления в пределах Республики Казахстан производятся на государственном или русском языках, а за пределы согласно установленным международным правилам.

Глава 5. ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА ЯЗЫКОВ

Статья 23. Государственная защита языков

Государственный и все другие языки в Республике Казахстан находятся под защитой государства. Государственные органы создают необходимые условия для функционирования и развития этих языков.

Развитие языков обеспечивается **Государственной программой**, предусматривающей приоритетность государственного языка и поэтапный переход делопроизводства на казахский язык.

Перечень профессий, специальностей и должностей, для которых необходимо знание государственного языка в определенном объеме и в соответствии с квалификационными требованиями, устанавливается законами Республики Казахстан.

Правительством Республики Казахстан создаются терминологическая и ономастическая комиссии и, при необходимости, другие структуры.

Статья 24. Ответственность за нарушение законодательства о языках

Первые руководители государственных органов, организаций любой формы собственности, а также юридические и физические лица, виновные в нарушении законодательства Республики Казахстан о языках несут ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Отказ должностного лица в принятии обращений граждан, мотивированный незнанием государственного языка, а также любое препятствование употреблению государственного и других языков в сфере их функционирования влекут за собой ответственность, предусмотренную законодательством Республики Казахстан.

Статья 25. Компетенция уполномоченного органа

Уполномоченный орган:

1) обеспечивает реализацию единой государственной политики в сфере развития* языков;

2) разрабатывает программу функционирования и развития языков и иные нормативные правовые акты;

3) осуществляет контроль за соблюдением законодательства Республики Казахстан о языках в центральных и местных исполнительных органах областей (города республиканского значения, столицы);

4) дает рекомендации об устранении нарушений требований, установленных законодательством Республики Казахстан о языках, вносит предложения в соответствующие органы о применении мер дисциплинарного взыскания к должностным лицам, виновным в нарушении законодательства Республики Казахстан о языках;

5) организует информационное, методическое обеспечение деятельности по реализации единой государственной политики в сфере развития языков;

координирует деятельность терминологической и ономастической комиссий.

Статья 25-1. Компетенция ономастической комиссии

1) **Республиканская ономастическая комиссия** создается Правительством Республики Казахстан в целях:

1) внесения Президенту Республики Казахстан заключений о наименовании и переименовании областей, районов и городов, а также изменения транскрипции их названий;

2) внесения в Правительство Республики Казахстан заключений о наименовании и переименовании физико-географических, топонимических, промышленных и иных объектов, находящихся в сфере его компетенции;

2. Областные ономастические комиссии создаются местными исполнительными органами областей в целях подготовки и внесения следующих заключений о наименовании и переименовании:

1) аулов (сел), поселков, аульных (сельских) округов, а также изменении транскрипции их названий;

2) физико-географических, топонимических, промышленных и иных объектов, находящихся в сфере компетенции местных исполнительных органов области.

3. Городские ономастические комиссии создаются:

1) местными исполнительными органами города республиканского значения, столицы в целях подготовки и внесения следующих заключений о наименовании и переименовании:

2) районов в городе, площадей, проспектов, бульваров, улиц, переулков, парков, скверов, мостов и других составных частей города, а также изменении транскрипции их названий;

3) физико-географических, топонимических, промышленных и иных объектов, находящихся в сфере компетенции местных исполнительных органов города республиканского значения, столицы;

4) местными исполнительными органами города областного значения в целях подготовки и внесения следующих заключений о наименовании и переименовании: районов в городе, площадей, проспектов, бульваров, улиц, переулков, парков, скверов, мостов и других составных частей города, а также изменении транскрипции их названий.

Статья 25-2. Компетенция местного исполнительного органа области (города республиканского значения, столицы)

Местный исполнительный орган области (города республиканского значения, столицы):

1) разрабатывает и утверждает региональную программу функционирования и развития языков и обеспечивает ее выполнение;

2) осуществляет контроль за соблюдением законодательства Республики Казахстан о языках территориальными подразделениями центральных исполнительных органов и районными исполнительными органами;

3) дает рекомендации об устранении нарушений требований, установленных законодательством Республики Казахстан о языках, вносит предложения в соответствующие органы о применении мер дисциплинарного взыскания к должностным лицам, виновным в нарушении законодательства Республики Казахстан о языках;

4) осуществляет комплекс мер областного значения, направленных на развитие государственного и других языков;

5) обеспечивает деятельность областной (города республиканского значения, столицы) ономастической комиссии.

Статья 25-3. Компетенция местного исполнительного органа района (города областного значения)

Местный исполнительный орган района (города областного значения):

1) разрабатывает и обеспечивает осуществление плана мероприятий по реализации на территории района (города областного значения) региональной программы функционирования и развития языков;

2) проводит мероприятия районного (города областного значения) уровня, направленные на развитие государственного и других языков;

3) вносит предложения в исполнительные органы областей о наименовании и переименовании аулов (сел), поселков, аульных (сельских) округов, а также изменении их транскрипции.

Статья 26 снята в соответствии с **Законом РК** от 20.12.2004 г. №13-111.

Глава 6. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЯЗЫКОВ В ОТНОШЕНИЯХ С ЗАРУБЕЖНЫМИ СТРАНАМИ И МЕЖДУНАРОДНЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ

Статья 27. Язык в международной деятельности

Деятельность дипломатических представительств Республики Казахстан и представительств Республики Казахстан при международных организациях осуществляется на государственном языке с использованием, при необходимости, других языков.

Двусторонние международные договоры заключаются, как правило, на государственных языках договаривающихся сторон, многосторонние международные договоры - на языках, определенных по согласию участников договора.

Официальные приемы и другие мероприятия с представителями других государств в Республике Казахстан проводятся на государственном языке с переводом на другие языки.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ
ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ 1993 ЖЫЛҒЫ 8 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №2572-ХІІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ
(ҚР Президентінің 19.12.95 ж. №2691 Жарлығымен; 11.05.04 ж.
№552-11; 2004.20.12 ж. №13-111ҚР Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)**

1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесі Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл (село), поселке, ауылдық (селолық) округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

2- бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің категориялары
Қазақстан Республикасы аумағының республикалық және жергілікті мүдделерін қолайлы ұштастыру негізінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру негізгі екі категорияға - аймақтарға және елді мекендерге бөлінеді.

Аймақ - республиканың бірнеше елді мекендері енгізілетін, оның мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын республика аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық (селолық) округ аймақтар болып табылады.

Елді мекен - республика аумағының халық жинақы орналасқан, кемінде 50 адамы бар, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, заңға белгіленген тәртіпте есепке алынған және тіркелген, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі.

Қазақстан Республикасы аумағындағы елді мекендер қалалық және селолық елді мекендерге бөлінеді.

Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қалалар, сондай-ақ поселкелер, селоларға - олардың әкімшілік бағыныстылығына карамастан, қалған барлық елді мекендер жатады.

Халқының саны 400 мың адамнан асатын облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан қаладағы аудан болып табылады.

3- бап. Қалалар мен басқа елді мекендердің категориялары
Қалалар және басқа елді мекендер:

1) республикалық маңыздағы қалаларға бөлінеді, бұларға ерекше мемлекеттік маңызы бар және әдетте, бір миллион адамнан астам халқы бар елді мекендер жатқызылуы мүмкін;

2) облыстық маңызы бар қалаларға бөлінеді, бұларға саны 50 мың адамнан асатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар, ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын елді мекендер жатқызылуы мүмкін;

3) аудандық маңызы бар қалаларға бөлінеді, бұларға аумағында өнеркәсіп орындары, коммуналдық шаруашылығы, мемлекеттік тұрғын үй қоры, оқу және мәдени-ағарту, емдеу мен сауда объектілерінің дамыған жүйесі, кемінде 10 мың адам халқы бар, оның халқының жалпы санының үштен екісінен астамы жұмысшылар, қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері болып табылатын елді мекендер жатқызылуы мүмкін;

4) поселкелерге бөлінеді, бұларға өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, теміржол стансаларының және басқа экономикалық маңызды объектілердің жанындағы, кемінде 3 мың адамы бар, оның кемінде үштен екісі жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері болып табылатын елді мекендер жатқызылуы мүмкін;

кемінде екі мың адам халқы бар, оның жыл сайын емделу мен тынығу үшін келетіндер саны кемінде тең жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де поселкелерге теңестіріледі, оларға қалалықтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халқының кемінде 25 пайызы ауылшарушылығымен ұдайы айналысатын саяжай поселкелері де жатқызылуы мүмкін;

5) ауыл (село) - кемінде 50 адамы бар, халқының кемінде жартысы ауылшаруашылық өндірісімен айналысатын қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері болып табылатын елді мекен;

6) халқының саны кемінде 50 адам шаруа және басқа да қоныстар ең жуық елді мекеннің құрамына енгізіледі.

4- бап. Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңдар

Әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін құқықтық реттеуді Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, өзге де заңдар мен қалыпты құжаттар жүзеге асырады.

5- бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру, тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, оларға ат қою және олардың атын өзгерту туралы шешімдер қабылдайтын органдар

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі, жергілікті өкілді және атқарушы органдар өз өкілеттіктері шегінде әкімшілік-аумақтық

бірліктерді құру және тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, оларға ат қою мен олардың атын өзгерту туралы шешімдер қабылдайды.

6-бап. Облыстар мен аудандарға, қалаларға ат қою мен олардың аттарын өзгертуге байланысты шығындар

Облыстарға, аудандарға, қалаларға ат қою мен олардың аттарын өзгертуге байланысты шығындар бюджет қаражаты есебінен жұмсалады.

7-бап. Ономастика комиссиясы

Әкімшілік-аумақтық бірліктерге ат қою және олардың атын өзгертуге, атауларының транскрипциясын нақтылау жөніндегі жұмысты ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстық (республикалық маңызы бар қала, Астана) атқарушы органдар жанынан ономастикалық комиссиялар құрылады.

8-бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді есепке алу мен тіркеу, оларды есепті деректерден шығару

Тұрақты халқының саны елу адамнан асатын және дербес елді мекендер деп саналатын қоныстар есепке алынады және тіркелуге жатады.

Қызметтік мақсаттағы объектілер болып табылатын жалғыз үйлер, фермалар, қоныстар (орманшылардың, жол қараушылардың, жол шеберлерінің үйлері, зайымкелер, қыстаулар, дала қостары, метеостансалар және т.б.) әкімшілік немесе аумақтық тұрғыдан байланысты елді мекендер құрамында есепке алынады.

Қалалардың, кенттердің немесе ауылдардың (селолардың) құрамына енгізілген және олардың бір бөлігіне айналған елді мекендер, сондай-ақ тұрғындарының бәрі кетіп қалған немесе қоныс аударған қоныстар дербес әкімшілік-аумақтық бірліктер мәртебесінен айырылады және есепті деректерден шығарылады.

3 бөлім. ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРГАНДАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

9-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы, Үкіметінің ұсынуы бойынша және жергілікті өкілді және атқарушы органдардың пікірін ескере отырып:

1) облыстар мен аудандарды құрады және таратады, олардың әкімшілік орталықтарын белгілейді және көшіреді;

2) республикалық маңызы бар облыстар мен қалалардың шекараларын белгілейді және өзгертеді;

3) елді мекендерді республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың санаттарына жатқызады, олардың бағыныстылығын белгілейді және өзгертеді;

4) облыстарға, аудандар мен қалаларға ат қою және олардың атын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту мәселелерін шешеді.

10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне облыстар мен аудандарды құру және тарату, олардың әкімшілік орталықтарын белгілеу және өзгерту, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың шекараларын белгілеу және өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне елді мекендерді республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың категорияларына жатқызу, олардың бағыныстылығын белгілеу және өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының аумағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге, теміржол станцияларына, әуежайларға және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге, сондай-ақ физикалық-жағрафиялық объектілерге ат қою мен атын өзгерту тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Ономастика комиссиясын құрады, оның қорытындылары негізінде және тиісті аумақ халқының осы аумақтың өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президентіне облыстарға, аудандарға, қалаларға ат қою және олардың атын өзгерту, сондай-ақ бұлардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді.

3 бөлім. ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

11- бап. Облыстық өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктері

Облыстық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыстың шекарасын өзгерту туралы облыс аудандарын құру және тарату, олардың әкімшілік орталықтарын белгілеу және

көшіру туралы елді мекендерді республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың категорияларына жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

2) Үкімет келісімі бойынша облыс аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың шекараларын белгілейді және өзгертеді, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық (селолық) округтердің шекараларын белгілейді және өзгертеді, поселкелерді, ауылдарды (селоларды) бір ауданнан екінші ауданға немесе қалалық өкімет органдарының әкімшілік бағынысына беру туралы мәселелерді шешеді;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, қала емес елді мекендерді осы Заңмен белгіленген басқа елді мекендердің категорияларына жатқызады, кенттерді, ауылдарды (селоларды), ауылдық (селолық) округтерді құрады, таратады және қайта құрады, сондай-ақ олардың бағыныстылығын өзгертеді;

4) тиісті аумақтағы халықтың пікірін есепке ала отырып және аудандардың жергілікті өкілді органдарының ұсыныстары бойынша кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің атаулары және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту мәселелерін шешеді.

Облыстық атқарушы органдар аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының ұсынуы бойынша, облыстардың шекараларындағы қазіргі және жаңадан құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктер мен жекелеген елді мекендерді есепке алады және тіркейді, сондай-ақ оларды есепті деректерден шығарады.

12-бап. Аудандық өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктері

Аудандық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен:

1) облыстық өкілді және атқарушы органдарына елді мекендерді аудандық маңызы бар қалалардың категорияларына жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

2) облыстық өкілді және атқарушы органдарға елді мекендерді поселкелер немесе ауылдар (селолар) категорияларына жатқызу туралы, поселкелерді немесе ауылдарды (селоларды) құру немесе қайта құру, олардың бағыныстылығын өзгерту, оларды есепке алу және тіркеу туралы ұсыныстар енгізеді;

3) поселкелер мен ауылдардың (селолардың) басқару органдарының пікірін ескере отырып, осы елді мекендердің шекараларын белгілейді және өзгертеді;

4) облыстық өкілді және атқарушы органдарға аудандардың, ауылдық (селолық) округтердің шекараларын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

5) тиісті аумақтағы халықтың пікірін ескере отырып, облыстық өкілді және атқарушы органдарға поселкелерге, ауылдық (селолық) округтерге, ауылдарға (селоларға) ат қою және олардың атын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді.

Аудандық атқарушы органдар аудан шекараларындағы қазіргі және жаңадан құрылатын елді мекендерді есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды есепті деректерден шығарады.

13-бап. Қалалық өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктері
Қалалық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен:

1) облыстық өкілді және атқарушы органдарға қалаларды республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар категорияларға жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

2) облыстық өкілді және атқарушы органдарына, ал республикалық маңызы бар қаланың, астананың өкілді және атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметіне қалалар шекараларын өзгерту жөнінде, соның ішінде олардың құрамына жеке елді мекендерді енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

3) қаладағы аудандарды құрады және таратады, олардың шекараларын белгілейді және өзгертеді;

4) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, қаладағы аудандарға, алаңдарға, даңғылдарға, бульварларға, көшелерге, орамдарға, парктерге, скверлерге, көпірлерге және қаланың басқа да құрамдас бөліктеріне ат қою және олардың атын өзгерту, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы мәселелерді шешеді;

5) қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, тұйық көшелердің, саябақтардың, скверлердің, көпірлердің және қаланың басқа да құрамды бөліктерінің атауы және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді.

14-бап. Поселке, село әкімінің өкілеттіктері

Поселке, село әкімі:

1) аудандық өкілді және атқарушы органдарға осы елді мекендерді поселкелер, ауылдар немесе селолар категорияларына жатқызу туралы, оларды тарату және қайта құру туралы ұсыныстар енгізеді;

2) тиісті елді мекен халқының пікірін ескере отырып, аудандық өкілді және атқарушы органдарға поселкелерге, ауылдық (селолық) округтерге, ауылдарға (селоларға) ат қою және олардың атын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

3) аудандық өкілді және атқарушы органдарға поселкелердің, ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың) шекараларын белгілеу және өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

4) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, осы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне ат қою және олардың атын өзгерту мәселелерін шешеді.

4 бөлім. ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР

15- бап. Аймақтық деңгейде әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу үшін қажетті құжаттар мен материалдардың тізбегі

Аймақтық деңгейде әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу үшін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі немесе облыстық өкілді және атқарушы органдардың мәселені өз мәнісінде шешетін (бірлескен) ұсынымы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің енгізілетін ұсыныс жөніндегі тиісті өтініші және оның тиімді екендігінің негіздемесі, өзгертілетін аумақтың көлемі, онда тұратын халықтың саны туралы мәліметтер, негізгі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тізбесі, олардың өндірістік көрсеткіштері, бұлардың әрқайсысында істейтін жұмысшылардың саны, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құрылымы мен штаттары туралы, қайта ұйымдастыруға байланысты олардың өзгеруі туралы мәселені өз мәнісінде шешу үшін қажетті барлық басқа мәліметтері бар ұсынымы;

3) жергілікті (облыстық, аудандық, қалалық) өкілді және атқарушы органдардың, поселкелер, селолар әкімдерінің қаралатын мәселе жөніндегі ұсыныстары;

